



Демократиялық институттар және Адам құқығы жөніндегі Бюросы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУЫ

2007 жылғы 18 тамыз

Сайлауды бақылау бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының есебі



Варшава
2007 жылғы 30 қазан

МАЗМҰНЫ

I.	ТҮЙІНДЕМЕ.....	1
II.	АЛҒЫ СӨЗ ЖӘНЕ АЛҒЫС БІЛДІРУ СӨЗДЕРІ.....	4
III.	АЛДЫҢҒЫ ЖАЙТТАР	5
IV.	ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗА.....	6
	A. Қолданыстағы заңнама	6
	B. Сайлау жүйесі	7
	C. Құқықтық базаның бағасы.....	8
V.	САЙЛАУ ОРГАНДАРЫ	10
	A. Сайлау органдарының құрылымы және құрамы	10
	B. Сайлауды ұйымдастыру	12
	C. Электронды дауыс беру	14
VI.	КАНДИДАТТАРДЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛАРДЫ ТІРКЕУ	16
VII.	САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ	17
VIII.	БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ.....	19
	A. Жалпы ақпарат.....	19
	B. БАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕҢБЕРЛЕРІ	20
	C. БАҚ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	21
IX.	ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АРЫЗДАР	23
X.	ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫ	24
XI.	ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ.....	25
XII.	ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК БАҚЫЛАУШЫЛАР.....	25
XIII.	САЙЛАУ КҮНІ.....	26
	A. Дауыс беру үдерісі	26
	B. Электронды дауыс беру	28
	C. Дауыстарды санау үдерісі	29
	D. Нәтижелерді жинақтау	31
	E. Сайлаудан кейінгі бақылау	33
XIV.	НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ	33
XV.	ҰСЫНЫСТАР	35
	A. Құқықтық база.....	35
	B. Сайлау органдары	36
	C. Электронды дауыс беру	36
	D. Саяси партияларды тіркеу	37
	E. Сайлау алдында үгіт жүргізу тәртібі	37
	F. Бұқаралық ақпарат құралдары	37
	G. Сайлау күнінің рәсімдері	38
	H. Сайлауды бақылау.....	38
	1-ҚОСЫМША	39
	2-ҚОСЫМША	40
	3-ҚОСЫМША	43
	ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ.....	48

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТТІК САЙЛАУ
2007 жылғы 18 тамыз

Сайлауды бақылау бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының¹
Қорытынды есебі

I. ТҮЙІНДЕМЕ

2007 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасы Мәжілісінде (Парламенттің төменгі палатасында) кезектен тыс сайлау өтті. Қазақстан Республикасының Үкіметінен шақыру қағазын ала отырып, 13 шілдеде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросымен (ДИАҚБ) сайлауларды бақылау бойынша Миссия (СБМ) құрылды. Ол сайлау үдерісінің 1990 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатының мәніне және басқа халықаралық стандарттарға, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сәйкестігін және оның орындалуын бағалады.

2007 жылғы 18 тамызда өткен Мәжіліске сайлаулар 2004 жылы сайланған Парламентті мерзімінен бұрын таратудың себебінен болды және Конституциямен «Сайлау туралы» заңына елеулі түзетулерді, соның ішінде өкілдіктің жаңа бара бар жүйесін қабылдағаннан кейін орын алды. Бұл жағдайда, жаңа түзетулердің кейбіреуі сайлау заңнамасының бірқатар ережелерін артқа тастай отырып, 1990 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатына қарама-қайшы келеді. Сайлау алдындағы кезеңде және дауыс берудің жеке аспектілері бойынша сайлау үдерісінің барысы бойынша жеткен белгілі прогреске қарамастан, сайлау Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы шеңберіндегі, соның ішінде құқықтық базаның жеке элементтеріне қатысты, дауыстарды санау және нәтижелерді жинақтау бойынша бірқатар міндеттемелерге жауап бермеді.

Сайлау заңнамасының бірқатар жаңа аспектерінің арасынан 1990 жылғы Копенгаген құжатына сәйкес келмейтіндер мыналар:

- отырықшылықтың онжылдық шектелімі туралы, барлық кандидаттардың партиялық мүшелігі туралы талаптар және тәуелсіз кандидаттар ретінде жеке өзі орындарға қол жеткізуге азаматтардың құқықтарын болдырмау туралы ережелердің нәтижесінде 7.3 және 7.5 параграфтарына қарама-қайшы келетін мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу құқықтарын негізсіз шектеу;
- парламенттік мандаттарға саяси партиялардың меншік құқығы, сондай-ақ партия сайлаудан кейін Парламентте кандидаттардың қайсысы орын алатындығы туралы ереже 7.9 параграфына қайшы келеді;

¹ Есеп қазақ және орыс тілдеріне аударылған. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз ресми болып қалады.

- ұлттық заңнамалық органның бір палатасында барлық мандаттар 7.2 параграфында бекітілген бүкіл халықтық сайлаудың барысында кандидаттардың еркін жарыс нысаны болғаны көзделмейді.

Сондай-ақ, заңнамалық базада 1990 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатының 7.6 параграфымен көзделген «толық еркіндік жағдайында өзінің саяси партияларын немесе басқа саяси ұйымдарды құруға және (қатысушы-мемлекеттер) осындай саяси партияларға және ұйымдарға заң және билік органдары алдында теңдік негізінде бір бірімен олардың жарысуына жағдай жасайтын қажетті заңды кепілдік береді» деген тұлғалар тобы және жеке тұлғалардың құқығын сыйлауды толық мөлшерде қамтамасыз етпейтін шектегіш ережелер де бар:

- заңды тұлға ретінде саяси партияларды тіркеуге қатысты шектен тыс талаптар және партияларды дер кезінде тіркеуді кідіртетін анықталмаған әкімшілік рәсімдер; және
- партияда алдыңғы сайлауларда саяси партияларда болған сайлау алдындағы коалицияны құру мүмкіндігі болмады.

Биліктегілер жаңартылатын болады деп атап өткен сайлау заңнамасы бойынша жүріп жатқан диалог кезектен тыс сайлаумен үзілді.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының аймағы үшін жоғары болып табылатын мәжілістегі өкілдікті алу үшін қолданыстағы жеті пайыздық барьер әр алуандықтың (плюрализмнің) қосымша шектеуі болып табылады. Осы барьерді Мәжілістегі 107 мүшеден тұратын орынның тікелей дауыс беру жолымен үлестірілгеннің барлық 98-ін ала отырып, тек «Нұр Отан» басқарушы партиясы ғана жеңіп шықты.

Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) жалпы өз қызметін таза жүзеге асырды. Орталық сайлау комиссиясымен сайлау үдерісін толық реттемелеу үшін бірқатар қаулылар шығарылды және сайлаушыларды оқыту бойынша ауқымды бағдарламалар жүргізілді. Жергілікті билік органдары және сайлау комиссияларымен сайлаушылардың тізімін анықтауға әрекет жасады. Сайлаумен байланысты шағымдарды қарау механизмдері алдыңғы сайлаумен салыстырғанда қол жетерліктей болды, алайда олардың тиімділігі шектеулі болды, себебі Орталық сайлау комиссиясы шағымдардың аздаған мөлшеріне ғана ресми қаулы шығарды. Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау үдерісінің әр түрлі қырлары бойынша толық ақпарат берді. Сонымен бірге, сайлау комиссиясының құрамы олардың өкілдігі, пікірінің дұрыстығы, тәуелсіздігі жайында мазасыздық тудыруын жалғастыруда.

Жалпы алғанда, ымырашылдық және ашық түрде өткізілген сайлауға қатысу үшін тіркеуден жеті саяси партия өтті. Бұл сайлаушыларға белгілі бір таңдау берсе де, екі әлуетті партиялар заңды тұлға ретінде Әділет министрлігінде тіркелмегендіктен сайлауға қатыса алмады.

Саяси партиялардың негізінен сайлау алдындағы кампанияны әкімшіліктің ерекше араласуынсыз өткізуге мүмкіндіктері болды. Сонымен қатар, саяси партиялардың, кездесу өткізуге арналған жерлерге қатынауды қоса алғанда, үгіт жүргізу үшін әрдайым бірдей жағдайлары бола бермеді. Мемлекеттік билік органдары тарапынан «Нұр Отанға» ерекше қарым-қатынас жасау жағдайлары орын алды.

Бұқаралық ақпарат құралдары барлық саяси партиялардың қызметін баяндап отырды. Теледидар бойынша берілген пікірталастарды қосқанда сайлаушылардың түрлі саяси көзқарастармен танысуына жағдай жасады. Сонымен қатар, журналистермен айқын қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдарына меншіктің шоғырлануы және өзіндік цензура бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысы үшін шектеулі жағдайдың жасалуына әкеліп соқты. Жаңалықтарды баяндаған кезде мемлекеттік БАҚ «Нұр Отанға» ерекше көңіл бөлгенін көрсетті.

Сайлау күні, белгілі бір сәйкессіздік және бұзушылықтардың болуына қарамастан, дауыс беру жақсы ұйымдастырылғандықтан тыныш жағдайда өтті. Бақылаушылар өздері барған сайлау учаскелерінің 94 пайызында дауыс беру үдерісіне жақсы баға берді. Учаскелік сайлау комиссияларының (УСК) басым көпшілігі ынтымақтастықтарын білдірді, бұл кезде бірқатар жағдайларда бақылаушылар кедергілерге кездесті немесе ақпарат алуда қиындықтарға жолықты.

2005 жылғы президенттік сайлауда пайдаланылғанға ұқсас электрондық дауыс беру электораттың шамамен 33 пайызына ұсынылды. Орталық сайлау комиссиясы ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ға электрондық дауыс беру жүйесіне кең түрде қатынауына мүмкіндік берді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-мен бұрынырақ аталып кеткен кемшіліктер, соның ішінде жұртшылықтың электрондық дауыс беру жүйесіне сенімінің жетіспеушілігі жойылмаған күйінде қалды. 2005 жылғы сайлаудан бастап жүйеге енгізілген бірқатар өзгертулер, жалпыға бірдей таныстыру үшін жарияланбаған талаптарға негізделген, оның өзі ашықтық дәрежесін төмендетеді.

Дауыстарды санау үдерісі дауыс беруге бақылау жүргізілген учаскелердің 39 пайызында теріс баға алды, ал оның ерекше проблемасы ашықтықтың жеткіліксіздігінде болды. Дауыстарды санау үшін бақылаудың 76 пайызында бюллетендер онда жасалған белгілерімен бірге бақылаушыларға көрсетілмеді, ал жағдайлардың 14 пайызында шетелдік бақылаушылар өз қызметтерін жүзеге асырған кезде шектеулерге жолықты. Елеулі сәйкессіздіктер бақылау жүргізілген сайлау учаскелерінің 25 пайызында тіркелді.

Дауыстарды санау үшін жүргізілген бақылаулардың 9 пайызында Учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) ресми есеп құжаттарына айлалы әрекеттерді жүзеге асырғаны байқалды. Елеулі бұзушылықтар, соның ішінде сайлау учаскелерінің үй-жайларынан тысқары дауыс беру нәтижелері туралы толтырылмаған хаттамаларды жасау және осы хаттамаларға өзгертулер енгізу тіркелді. Бірқатар сайлау учаскелері бойынша келудің хабарланған пайызы шындыққа жатпайтындай жоғары болды. Бақылаудың 17 пайызында нәтижелерді жинақтау үдерісінің нәтижесі теріс баға алды.

Бір айлық кезеңде Орталық сайлау комиссиясы өзінің веб-сайтында барлық сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелерін жариялады. Бұл ашықтық дәрежесін арттыру бойынша мақұлдауға тұрарлық қадам болды; сонымен бірге нәтижелердің не себептен жылдамырақ орналастырылмағаны түсініксіз болып қалды. Миссияның бақылаушылары дауыс санауға бақылау жүргізген 15 сайлау учаскелері бойынша дауыстарды санау аяқталғаннан кейін, бақылаушыларға берілген сайлау учаскелеріндегі хаттамалардағы тиісті деректер және жарияланған деректер арасында елеулі алшақтықтар анықталды. Бұл өзгерістер көпшілік жағдайларда «Нұр Отан» партиясының пайдасына болды. Миссиямен алынған басқа хаттамаларда осыған ұқсас беталыстар байқалды. Орталық сайлау комиссиясының деректері де бірнеше жүздеген сайлау учаскелерінде «Нұр Отан» партиясы жарамды деп танылған бюллетендер бойынша дауыстардың барлығын алғанын көрсетті.

Осы есепте Қазақстан Республикасындағы сайлауды өткізу үдерісін әрі қарай жетілдіру мақсатында бірқатар нұсқаулар ұсынылады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымы шеңберіндегі міндеттемелерге сәйкес шынайы демократиялық сайлау өткізу бойынша олардың әрекеттерін қолдауға Қазақстанның азаматтық қоғамы және мемлекеттік органдарына көмек көрсетуді жалғастыруға өзінің дайын екенін куәландырады.

II. АЛҒЫ СӨЗ ЖӘНЕ АЛҒЫС БІЛДІРУ СӨЗДЕРІ

2007 жылғы 18 тамызға тағайындалған Мәжілістегі кезектен тыс сайлауға бақылау жүргізуге Қазақстан Республикасы Үкіметінен шақыру қағаз ала отырып, 2007 жылғы 13 шілдеде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросымен (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-мен) сайлауларды бақылау бойынша ұзақ мерзімді Миссия (СБМ) құрылды. Миссияның құрамына Астана және Алматы қалаларында және 14 аймақтық орталықтарында орналастырылған елші Любомир Копайдың басшылығымен бірге 22 сарапшы және 36 бақылаушылар кірді².

Сайлау күні бақылау жүргізу ЕҚЫҰ/ДИАҚБ құрамындағы сайлауларды бақылау бойынша халықаралық миссияның (СБХМ), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының парламенттік ассамблеясы (ЕҚЫҰ ПА) және Еуропалық кеңестің парламенттік ассамблеясы (ЕКПА)-ның бірлескен бастамасы болып табылды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының әрекет етуші төрағасы, министр Мигель Анхель Моратинос (Испания), Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының парламенттік ассамблеясы делегациясының басшысы, сенатор Консильо Ди Ниноны, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымынан қысқамерзімдік бақылаушыларға басшылық ететін арнайы үйлестіруші етіп тағайындады.

Сайлау күні ЕҚЫҰ Сайлауларды бақылау бойынша халықаралық миссиясы 45 қатысушы-мемлекеттерінен 449 бақылаушы, соның ішінде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросынан (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 381 бақылаушы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Парламенттік Ассамблеясынан 61 бақылаушы және Еуропалық Кеңестің Парламенттік Ассамблеясынан 7 бақылаушы қойды. Сайлауларды бақылау бойынша халықаралық миссиясы 1743 сайлау учаскелерінде дауыс бергендерге, 174 сайлау учаскелерінде дауыстардың саналуына және 123 аумақтық сайлау комиссияларымен (АСК) дауыс беру нәтижелерін жинақтауына бақылау жүргізді.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) Сыртқы істер министрлігіне және Орталық сайлау комиссиясына, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарға, Алматыдағы ЕҚЫҰ Орталығына, азаматтық қоғамның ұйымдарына,

² ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1995, 1999, 2004 және 2005 жылдарда Қазақстандағы сайлауларға бақылау жүргізген. 2007 жылғы мәжіліс сайлауында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ өзінің бақылаулары барысында аралық есепті жариялады және осы есепте көтерілген мәселелерді тиісті органдармен талқылау мүмкіндігін алды. есептерді мына сілеме бойынша: www.osce.org/odihr-elections/14471.html табуға болады.

халықаралық ұйымдарға және Қазақстандағы ЕҚЫҰ қатысушы-мемлекеттерінің елшіліктеріне миссияның бүкіл жұмысы кезіндегі көрсеткен ынтымақтастығы үшін өз ризашылығын білдіргісі келеді.

III. АЛДЫҢҒЫ ЖАЙТТАР

18 тамызда болған Мәжіліс сайлауы 1995 жылы Конституция қабылданғаннан кейінгі төртінші сайлау болды. Мәжіліске алдыңғы сайлаулар 2004 жылғы қыркүйек-қазанда болды және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ «соңғы парламенттік сайлаумен салыстырғанда осы сайлаудағы кейбір жақсартуларға қарамастан елеулі кемшіліктер де орын алды, ал сайлау үдерісінің өзі көптеген мәселелер бойынша ЕҚЫҰ қатысушы-елдерінің міндеттемелеріне және демократиялық сайлаудың халықаралық стандарттарына толық мөлшерде сәйкес келмеді» деген қорытындыға келді.³

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында «президенттік басқару түрі» мен Мәжілістен (төменгі палата) және жанама сайлау құқығы негізінде сайланатын Сенаттан (жоғарғы палата) тұратын екі палаталық Парламент әрекет етеді⁴. 2007 жылғы мамырда конституциялық реформаны тағайындау үшін Президенттің бастамасы бойынша құрылған «Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және айқындау бойынша Мемлекеттік комиссияның» жұмысының қорытындысы бойынша, Парламент Конституцияға елеулі түзетулер енгізді. Кейбір түзетулер, Мәжіліске сайлау жүйесіндегі өзгертулерді қоса алғанда, сайлау үдерісіне де ықпал етті. Бірқатар жағдайларда түзетулер Мемлекеттік комиссияның ұсыныстарын іске асырмады.

2007 жылғы 19 маусымда Конституциядағы тиісті өзгертулерді көрсету үшін және жаңа сайлау жүйесіне айқындама беру үшін Сайлау туралы Заңға түзетулер енгізілді. 20 маусымда Президент Парламенттің төменгі палатасын таратып, Мәжілістің кезектен тыс сайлауын 18 тамызға тағайындады.

2007 жылы мәслихатқа (жергілікті кеңестерге) сайлау жоспарланып қойылғанына қарамастан, Мәжіліске сайлауды тағайындау кейбір партиялар үшін күтпеген жағдай болды. Мәжілістің кезектен тыс сайлауына қатысуға партиялардың көпшілігі терең мүдделілік танытса да, дайындыққа олардың уақыты аз қалды. Кандидаттардың тізімін беру мерзімі сайлауды тағайындағаннан кейін бір айдан кем уақытта болғандықтан, соның ішінде алдыңғы сайлауларда олар жасай алған, сайлау алдындағы коалицияға бірігуге партияға рұқсат етілмегенін ескере отырып, партиялар партия құрылымдарын біріктіру туралы және сайлаудың жаңа жүйесіне сайлау алдындағы өзінің стратегиясын бейімдеу туралы шешім қабылдау үшін уақыт мөлшері аз болды.

Тіптен 2006 жылдың соңында, сайлау заңнамасына түзетулер енгізілгенге дейін, «Асар», Аграрлық және Азаматтық партиялары «Отан» басқарушы партиясымен бірігіп, «Нұр Отанды» құрды. Партияның көшбасшысы болып 2007 жылғы 4 шілдеде Қазақстанның Президенті сайланды. 2007 жылғы маусымның аяғында «Нағыз Ақ Жол» оппозициялық партиясы осыған дейін жаңадан тіркелген Жалпыұлттық социал-

³ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ барлық сілеме жасалатын құжаттарын мына мекен-жай бойынша табуға болады: www.osce.org/odihr-elections/14207.html.

⁴ Құрамында 47 мүшесі бар сенат тікелей дауыс беру жолымен сайланбайды, себебі мүшелерінің кейбіреуі жергілікті кеңеспен жанама жолмен сайланады, ал қалғаны президентпен тағайындалады.

демократиялық партиясымен (ЖСДП) қосылып, шілдеде «Ақ Жол» партиясы «Әділет» партиясымен бірікті.

Қазақстанның коммунистік партиясы, өздерінің сайлау жүйесіне енгізілген өзгертулеріне қарсылықтарын мәлімдей отырып, Мәжіліс сайлауына қатысуға өз кандидаттарын ұсынбады.

Мәжілістің кезектен тыс сайлауы мәслихат сайлауларымен бір күнде өткізілді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ олар Мәжіліс сайлауына әсер еткен мөлшерде ғана мәслихат сайлауларына бақылау жүргізді.

IV. ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗА

A. Қолданыстағы заңнама

Мәжіліс сайлауын өткізу үшін заңнамалық базаның негізі Конституциямен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңымен, Орталық сайлау комиссиясының шешімдері және қаулыларымен қаланды. Басқа заңнамалық актілер де, соның ішінде «Саяси партиялар туралы» заңы, Азаматтық іс жүргізу кодексі, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңымен қоса «Бейбіт жиналыстар, митингтер, салтанатты шерулер, бөгеуілдер мен жүрулер ұйымдастыру және өткізу туралы» заңы мен көпшілік жиналыстарына қатысты жергілікті деңгейде қабылданған әр түрлі қаулылар да өзінің әсерін көрсетеді.

Конституцияға 2007 жылғы мамырда бекітілген түзетулерге сәйкес Мәжіліс депутаттарының саны 77 адамнан 105 адамға дейін артты⁵. Олардың 98-і бүкілхалықтық дауыс беру жолымен сайланады, ал қалған 9-ын тағайындалған орган - Қазақстанның халықтар Ассамблеясы сайлайды. Конституциялық түзетулер арасында сайлауға қатысы бар басқа өзгертулер болды:

- Қазақстанның бірінші Президентіне қатысты лауазымда болу мерзімінің мөлшерінің шектелуін алып тастау;
- Президенттің өкілеттілік мерзімін 7 жылдан 5 жылға дейін қысқарту (әрекет етуші Президенттің мандаты бітуі бойынша);
- Президентке өз қызметінде бола тұрып, саяси партиялардың қызметіне қатысуға рұқсат ету;
- Болашақтағы Орталық сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыру тәртібін өзгерту⁶;
- Сайлау жүйесі сайлау туралы Заңмен айқындалу үшін Мәжіліске сайлау жүйесі туралы ережелердің жойылуы;
- Президентпен тағайындалған Сенат депутаттарының санын жетіден он беске дейін арттыру;
- Қазақстанда өткен он жыл ішінде тұрақты тұруы туралы Парламент депутаттарына талаптар қою;

⁵ 2004 жылы 67 депутат бір мандатты округтар бойынша сайланды, ал 10 депутат партиялық тізім бойынша өкілдікке бара бар жүйе бойынша сайланды.

⁶ 2007 жылғы мәжіліс сайлауын ұйымдастырумен және өткізумен айналысқан сол құрамдағы ОСК өкілеттік мерзімінде осы түзету көрсетілген жоқ.

- парламентарийлер үшін императивті мандаттарға тыйым салынған ережені жою және партия өз қызметін тоқтатқан жағдайда, сондай-ақ олар атынан сайланған партиядан шыққан немесе шығарылған кезде өздерінің мандаттарын Мәжіліс депутаттары жоғалтуын көздейтін осындай императивті мандаттарды енгізу.

В. САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

2007 жылғы 19 маусымда Конституцияға тиісті өзгертулерді көрсету және жаңа сайлау жүйесіне айқындама беру үшін сайлау туралы Заңға түзетулер енгізілді. Заңның жаңа редакциясы бойынша Мәжілістің 107 депутаттарының 98-і тікелей дауыс берумен сайланады, ал қалған 9-ын тағайындайтын орган сайлайды. Бұл әрі қарай мазмұндалатын себептер бойынша 1990 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатының 7.2 параграфына қарама-қайшы келеді.

98 депутатты сайлау Қазақстанның бүкіл аумағы болып табылатын бірегей ұлттық сайлау аймағындағы пара-пар жүйе өкілдігінің негізінде партиялық тізім бойынша жүргізіледі. Осы жүйеге сәйкес сайлаушылар партиялардың біріне дауыс береді және партиялар өздерінің дауыс үлестеріне сәйкес мандаттар (орын) алады. Мандаттар алу үшін партияларға сайлауға қатысқан сайлаушылардың дауыстарының кем дегенде жеті пайызын алуы қажет.

«Жабық» партиялық тізім жүйесімен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының көптеген қатысушы-мемлекеттерінде пайдаланылатындығына қарамастан, көптеген елдерде кандидаттар мандаттар алу тәртібінде аталып шығуы туралы талап қойылады⁷. Бұл сайлаушыларға кандидаттардың қайсысы мандаттар алатындығы туралы тиісті түсінік береді. Қазақстандағы сайлау туралы Заңның жаңа редакциясына сәйкес кандидаттар алфавитті тәртіпте жазылады. Соңғы қорытындыларды жариялағаннан кейін қажетті барьерді жеңіп шыққан партияның басқарушы органдары кандидаттардың қайсысы мандат алатындығын таңдайды. Мұндай тәртіп 1990 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатының 7.9 параграфымен қайшы келеді.

Орталық сайлау комиссиясы кандидаттардың аттарын өзінің веб-сайтында және баспада жариялағанына қарамастан, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлауды бақылау комиссиясы партиялық тізімде жазылған кандидаттардың аттары туралы басқа дерекнамалардан сайлаушыларға келіп түскен ақпараттың аз болғанына назар аударды. Дауыс беру үшін учаскелерде кандидаттардың тізімін міндетті түрде іліп қою сайлау туралы Заңымен көзделмеген. Осы факторлар сайлаушыларды өздері сайланатындармен танысудан елеулі шеттеді.

Өкілдік алу үшін әрбір жеке алынған партияның жеңіп шығуға қажет жеті пайыздық барьер, пара пар өкілдік негізде сайлау жүйесін пайдаланатын Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының қатысушы-мемлекеттерінің арасындағы ең жоғарылардың бірі болып табылады. Биік барьерлер дауыстардың елеулі санын «босқа жоғалтуға» әкелуі мүмкін, себебі қажетті барьерге жетпеген партиялар үшін берілген дауыстар өкілдік алуға әкелмейді. Сайлау алдындағы коалицияны құра отырып

⁷ Көптеген жабық жүйелерде сайлаушылар тек партиялар үшін ғана дауыс береді және кандидаттардың мандаттар алу кезегіне әсер ету мүмкіндігі жоқ. «ашық тізімдер» жүйесін пайдаланған кезде сайлаушылар кандидаттар мандатты преференциальдық дауыс берудің әр түрлі жүйесі жолымен алатын тәртіпке әсер етеді.

партиялардың бірлесіп сайлауға бару құқығы туралы ережені қысқарту және тәуелсіз кандидаттар ретінде дауысқа түсу мүмкіндігінің болмауы сияқты басқа шектеуші факторлар жинағымен, жоғары барьерлер Парламенттегі партия өкілдігінің көптігіне және партиялардың дамуына да теріс әсер етуі мүмкін.

Мәжілістің тоғыз депутаты бүкіл халықтық дауыс беру жолымен сайланбай, 20 тамызда Қазақстанның халықтар Ассамблеясымен (ҚХА) таңдалды. Қазақстанның халықтар Ассамблеясы (ҚХА) тағайындалатын орган бола отырып, басқалардың ішінде, ұлттық азшылықпен байланысты мәселелерді талқылау үшін форум болып табылады. Ол мемлекеттік органдардың өкілдерінен, ұлттық-мәдени және басқа қоғамдық бірлестіктер мен басқа тұлғалардан тұрады. Қазақстанның Президенті Қазақстанның халықтар Ассамблеясының (ҚХА) өмір бойғы Төрағасы болып табылады. Ол оның барлық мүшелерін тағайындайды және оларды оның құрамынан шығара алады. Ассамблеяның Аппараты Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Мемлекеттік органдар хабарлағандай, Қазақстанның халықтар Ассамблеясына (ҚХА) тоғыз депутатты сайлау құқығын берудің мақсаты 1990 жылғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатына сәйкес ұлттық азшылықтың өкілдігін қамтамасыз етуде. Ұлттық азшылық өкілдігі демократиялық мемлекеттік құрылымның жалпыға ортақ қабылданған нормасы болып табылады. Солай бола тұрса да, Қазақстанда пайдаланылатын оны қамтамасыз ету механизмі, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының Копенгаген құжатының 7.2 параграфына қарама-қайшы келеді, онда былай делінген «қатысушы-мемлекеттер ұлттық заңнамалық органның кем дегенде бір палатасындағы барлық мандаттар бүкіл халықтық сайлаудың барысында кандидаттардың еркін бәсекелестік нысаны болғанына жол береді». Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының шеңберіндегі бір міндеттемені сақтауға ұмтылыс басқа міндеттемені елемеу үшін ақталу ретінде әрекет ете алмайды, әсіресе мәлімденген мақсат басқа құралдармен жетуі мүмкін болған кезде, мысалыға, азшылықты білдіретін электоратқа тікелей дауыс беру арқылы үлестірілетін Мәжілістегі орынның белгілі бір мөлшерін немесе Сенаттағы жеке орындарды беру арқылы жетуі мүмкін болғанда.

С. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫҢ БАҒАСЫ

2004 жылғы парламенттік сайлаудың алдында саяси партиялардың және азаматтық қоғамның барлық өкілдері қатысқан дөңгелек үстел қағидасымен өткізілген жұмыс нәтижесі бойынша, сайлау туралы Заңға түзетулер енгізілді. 2004 жылғы тамызда жарияланған ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау туралы Заңына берілген бағасында осы түзетулер бірқатар салаларда елеулі жақсартуларға әкелгені мойындалды, алайда сонымен қатар әрі қарай жетілдіруді талап ететін бірқатар маңызды болып қалған мәселелер атап өтілді. 2004 және 2005 жылдарда сайлауды бақылау бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясының қорытынды есептерінде құқықтық базаға қатысты қосымша нұсқаулар ұсынылды⁸.

2006 жылдан бастап биліктермен жүргізілген сындарлы диалогқа қарамастан, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынған құқықтық базаны жақсарту жөніндегі нұсқауы жалпы алғанда 2007 жылғы маусымдағы түзетулерде ескерілмеді. Орталық сайлау комиссиясы

⁸ 2004 жылғы парламенттік сайлау және 2005 жылғы президенттік сайлау туралы туралы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ қорытынды есептерін және де 2004 жылғы тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бағасын мына мекен-жай бойынша қараңыз: www.osce.org/odihr-elections/14471.html

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға олармен құқықтық базаға қатысты нұсқаулардың көпшілігін қамтитын ұсыныстардың жобалары дайындалғанын хабарлады, алайда кезектен тыс сайлауды тағайындау осы ұсыныстарды заңнамалық негізге аудару үдерісін үзіп тастады. Орталық сайлау комиссиясында, сондай-ақ сайлаудан кейін диалог қайта жаңғыртылатынын және осы құжатта ұсынылған нұсқауларды ескере отырып өтетінін мәлімдеді.

Бұрынырақ белгіленген мәселелер арасында кандидат ретінде дауысқа түсу құқығын шамадан тыс шектеу және тіркеу туралы шешімдерді қабыл алмау бойынша ережелерге санкциялардың сәйкессіздігі, саяси диалогқа қатысуға және пікірін білдіруге құқықты шектеу, сондай-ақ бейбіт жиналыс және сөз бостандығына құқықты шектеу кездеседі. Соның ішінде, Сайлау туралы Заң қылмысының ауырлық дәрежесіне тәуелсіз «өтелмеген немесе алынбаған сотталуы» бар азаматқа енжар сайлау құқығын қабыл алмайды. Кез келген қылмысы үшін сайлау құқығын қабыл алмау ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 24 параграфымен мақұлданатын санкциясына сәйкес қағидасын бұзады⁹.

Үгіт жүргізу кампаниясы аяқталуы және соңғы нәтижелері жариялану арасындағы кезеңде көпшілік жиналыстарына тыйым салу ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұрынырақ ұсынған нұсқауларына сәйкес 2006 жылғы желтоқсанда сайлау туралы Заңнан шығарылып тасталды. Солай бола тұрса да, көпшілік іс шараларын өткізу тәртібін реттейтін қолданыстағы заңнамада проблемалық мәселелер қалуда, оның өзі бірқатар жағдайларда сайлаудан кейін көпшілік жиналыстарын өткізуге оппозициялық партиялардың ресми рұқсат алу мүмкін еместігіне әкелді¹⁰.

Заңнамаға түзетулермен ЕҚЫҰ шеңберіндегі және басқа халықаралық стандарттарға қарама-қарсы келетін немесе қарама-қайшы әрекет ететін жаңа ережелер енгізілген, соның ішінде:

- Сайлау туралы Заңның жаңа редакциясы партияның кандидаттары ретінде тек олардың мүшелері ғана бола алатындығын, сайлауда жеке түрде тәуелсіз кандидаттар ретінде қатысу мүмкіндігі көзделмегенін жазады. Бұл жеке тұлғалардың сайлауға қатысу құқығын шектейді, себебі 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.5 параграфында «қатысушы-мемлекеттер жеке өзі ретінде саяси партиялардың немесе ұйымдардың өкілдері ретінде кемсітушіліксіз саяси немесе мемлекеттік постқа қол жеткізуге азаматтардың құқығын құрметтейтін болады»¹¹ деп жазылған, сондай-ақ сайлуды өткізу бойынша басқа халықаралық стандарттарына қарама-қайшы келеді.

⁹ Копенгаген құжатының 24-бабында былай делінген: «Демократиялық қоғамдағы құқықтар мен бостандықтарды кез келген шектеу қолданылатын заңның мақсаттарының бірімен үйлестірілуге тиіс және осы заңның мақсатына қатаң өлшемдес болуға тиіс».

¹⁰ 20 тамызда ЖҰСДП көптеген қалалардың әкімшілігіне 30 немесе 31 тамызда Шеру өткізуге рұқсат етуін өтініп жолданды. Кейбір әкімшіліктер мәлімденген күндері Конституция Күніне арналған мерекелік іс шаралар өткеніне сілтене отырып өтінімді қабыл алмады, ал басқалары кездесу өткізуге жоспарланған жерлерден бөлек жерлерде өткізуге рұқсат етті.

¹¹ Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің (АСҚХП) 25-бабына БҰҰ Адам құқықтары бойынша Комитеттің (АҚК) №25 Жалпы коментарийінің 17-тармағында былай делінген: «Сайлауға қатысуға тұлғалардың құқықтары партияға немесе нақты партияларға мүшелігі туралы кандидаттарға қатысты талап есебінен негізсіз шектелмеуге тиіс. Қазақстан 2006 жылғы қаңтарда АСҚХП бекітті.

- Конституцияның жаңа редакциясында әлуетті кандидаттар соңғы он жыл бойы Қазақстанның аумағында тұрақты түрде тұруға тиістігі белгіленді. Осындай ұзақ мерзім мемлекеттік постқа қол жеткізу құқығын негізсіз шектеу болып табылады¹²;
- Конституцияның жаңа редакциясында депутаттарға берілген «императивтік мандаттарға» тыйым салу алынып тасталады және олар сайланған партия өз қызметін тоқтатқан жағдайда, партиядан шыққан немесе шығарылған кезде Мәжіліс депутаттарының өз мандаттарын жоғалтатыны көзделген. Осы жаңа ережелер партия жетекшілігінің депутаттарға шамадан тыс бақылауды жүзеге асыруына жағдай жасай отырып, сайланатын өкілдердің партия жетекшілігіне тәуелдігін күшейтеді. Бұл, сондай-ақ сайлаушылар алдында сайланатын өкілдердің есеп беру дәрежесін босаңсытады және парламенттік жүйенің ашықтығын азайтады¹³.

V. САЙЛАУ ОРГАНДАРЫ

A. САЙЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ

Сайлау Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) басшылығымен төрт деңгейлік құрылымды сайлау органдарымен жүргізілді. Екінші деңгейде аймақтық мәні бар (бұдан әрі – «аймақтық сайлау комиссиясы» АСК) 16 аумақтық сайлау комиссиясы өз қызметін жүзеге асырды¹⁴. Үшінші деңгейде өз қызметін Аймақтық сайлау комиссиясына бағынатын 205 аудандық, қалалық және қаладағы аудандық Аумақтық сайлау комиссиясы өз қызметін жүзеге асырды. Сайлау учаскелерінің жұмысына (СУ) 9727 учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) басшылық етті. Барлық сайлау комиссиялары бес жылдық мерзімге сайланған жеті мүшеден тұрды, бұл жағдайда аймақтық сайлау комиссиясы (АСК), Аумақтық сайлау комиссиясы (АСК) және учаскелік сайлау комиссиясы (УСК) тек сайлау өткізу кезеңінде ғана қызмет істейді.

2007 жылы заңнамаға қабылданған түзетулер ОСК деңгейінен төмен сайлау комиссиясына мүшелерді сайлау жүйесіне ықпал етпеді¹⁵, және сайлау комиссиясының құрамы елеулі мазасыздықтар тудыруын жалғастыруда. АСК, АСК және УСК саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсынуы бойынша мәслихатпен (облыстық және жергілікті кеңестермен) сайланады¹⁶. Саяси партиялар әрбір сайлау комиссиясының құрамына өзінің мүшелерінің қатарынан бір кандидатурадан ұсына алады және басқа партияның мүшесін қоса алғанда, кез келген тұлғаны ұсына алады. Комиссияларда тең құқықтық өкілдікке заң партияларға кепілдік бермейді. Партиялардың ұсынған кандидатурасын мәслихат бекітуге міндетті емес және партиядан ұсынылғандарының бәрін қабыл алмауы мүмкін. Бірқатар жағдайларда,

¹² БҰҰ Адам құқықтары бойынша Комитеттің (АҚК) №25 Жалпы коментарийінің 15-тармағында былай делінген: «Құқықтарды тиімді іске асыру және сайлау лауазымдарына үміттену мүмкіндігі дауыс беру құқығы бар тұлға кандидаттарды еркін таңдауды қамтамасыз етеді. Сайлау лауазымына үміттену құқығын жасының кішілігі сияқты кез келген шектеу, шынайы және әділ критерийлерге негізделуге тиіс. Сайлауға басқа белгілері бойынша қатысу құқығы бар тұлғалар, білімі, тұратын жері немесе шығу тегі немесе саяси көзқарасы сияқты әділ емес немесе кемсітетін талаптар жолымен шығарылмауға тиіс».

¹³ Копенгаген құжатының 7.9-параграфында былай делінген, «қатысушы-мемлекеттер заңмен айқындалған қажетті дауыс санын алған кандидаттар тиісті жолмен лауазымына кіріскенін қамтамасыз етеді және демократиялық, парламенттік және конституциялық рәсімдерге сәйкес заңмен реттелетіндей жолмен өз өкілеттігі біткенше немесе басқаша жолмен оларды аяқтағанға дейін лауазымда қалуын қамтамасыз етеді».

¹⁴ Әрбір 14 облыстан бір бірден, біреуі Астанада және екіншісі Алматы қаласында.

¹⁵ ОСК қазіргі құрамы Президенттің ұсынысы бойынша Мәжіліспен тағайындалды. ОСК жаңа құрамы жаңа редакциядағы тиісті конституциялық ережелерге сәйкес құрылатын болады.

¹⁶ Мәслихаттарға сайланған депутаттардың саны бойынша «Нұр Отан» партиясы басымдылықпен жетекші орында болды.

партиядан ұсынылған кандидатуралар бекітілмеген кезде, қоғамдық бірлестіктердің мүшелері тағайындалады.

2007 жылғы 16 мамырда Қарағанды мәслихаты шығып кеткендердің орнына (310-ға жуық босаған орын) УСК және АСК жаңа мүшелерді тағайындау туралы мәселе бойынша дауыс берді. Комиссиялардың құрамына «Ақ Жол» және «ЖСДП» партияларымен ұсынылған бірде бір кандидатура тағайындалмады. Астанада ЖСДП-дан 149 кандидатураның тізімі ұсынылды, олардың ішінен қалалық мәслихатпен бір де біреуі тағайындалмады. Маусым және шілде айларында Алматыдағы сайлау комиссияларында 680 бос орын толтырылды. Және тағы да ЖСДП ұсынған тұлғалардың бір де біреуі тағайындалмады.

Сайлаудан кейін ОСК хабарлаған ақпарат бойынша, сайлау комиссиясының мүшелерінің 14,3 пайызы «Нұр Отан» партиясымен ұсынылған¹⁷. Сонымен бірге, көптеген аймақтарда «Нұр Отан» емес, басқа партиялар және қоғамдық бірлестіктермен формальды түрде ұсынылған комиссия мүшелері көбінесе «Нұр Отан» партиясының мүшелері болып шықты¹⁸. Осының салдарынан, сайлау комиссияларындағы «Нұр Отанның» нақты өкілдігі басқа партиялармен салыстырғанда елеулі түрде кең болды. ОСК деректері бойынша «Нағыз Ақ Жол» және ЖСДП партияларының ұсынған кандидатураларын бірге алғанда комиссия мүшелерінің 3,6 пайызын құрады; ЖСДП ұсынғандары бір пайыздан азын құрады.

«Нұр Отан» ұсынғандарды басқа партиялармен салыстырғанда комиссия төрағалары етіп жиірек сайлады. Сондай-ақ басқа партиядан немесе бірлестіктен ұсынылған төраға «Нұр Отанға» жататын жағдайлар байқалды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ барып қайтқан 155 АСК біреуінде де кандидатурасы АСК құрамына ЖСДП ұсынған төраға болған жоқ. УСК төрағаларды тағайындаған кезде де, төрағалық орындарды үлестірген кезде де жеткілікті түрде тең құқықтық болмағаны айқын болды. Бір партияның сайлау органдарын нақты бақылауы олардың өкілдік және тәуелсіздігіне қатысты елеулі сұрақтар туғызады.

Бірқатар аймақтарда УСК қызметіндегі әралуандыққа кейде сайлау комиссияларының мүшелерінің көпшілігі немесе бәрі бір ғана жұмыс берушінің жалдауында болған жағдайлар да әсер етті¹⁹. Бұл УСК төрағасының өзінің негізгі жұмыс орнында оған бағынышты болып табылатын басқа комиссия мүшелеріне заңсыз әрекет көрсетуіне ықтимал мүмкіндік берді. Әскери бөлімдерде құрылған кейбір сайлау учаскелерінде УСК тек қана сол бөлімнің офицерлерінен тұрды, ал онда командир немесе бөлімнің

¹⁷ Алдын ала нәтижелер және қорытындылар бойынша Қорытындыға кірген және сайлау алдында ОСК хабарлаған деректер бойынша «Нұр Отаннан» комиссия мүшелерінің 19,7 пайызы ұсынылған. Сайлаудан кейін ОСК техникалық категе сілтеніп отырып, осы санды қайта қарады. Жаңа деректер бойынша қоғамдық бірлестіктердің өкілдері ертеректегі 22,8 пайыз емес, комиссия мүшелерінің 28,7 пайызын құрады.

¹⁸ Мысалыға, Рудный қалалық АСК мүшелері (Қостанай облысы) формальды түрде әр түрлі партиялармен және бірлестіктермен ұсынылды, алайда бәрі де «Нұр Отан» партиясының мүшелері болып табылды. Қызылжар аудандық АСК мүшелері (Солтүстік Қазақстан облысы) әр түрлі партиялармен ұсынылды, алайда алтауы «Нұр Отан» мүшелері болды. ОСК ұсынған ақпарат бойынша, мысалыға, Талдықорған қаласында (Алматы облысы) 9 УСК болды, олардың құрамына 2 және одан көп партиялар ұсынған «Нұр Отанның» 3 және одан да көп мүшелері кірді. Шардара ауданында (Оңтүстік Қазақстан облысы) осындай УСК 15 болды.

¹⁹ Алты облыстарда және аттас қалаларда (Қарағанды, Батыс Қазақстан, Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы қаласы) көптеген УСК бір ғана мекеменің қызметкерлерінен құрылды. Бірқатар жағдайларда төраға өзінің негізгі жұмыс орны бойынша, мысалы, мектептерде және ауруханаларда комиссия мүшелерінің бастығы болып табылды. Қарағандының кейбір аудандарында УСК мүшелерінің арасында ірі компаниялардың қызметкерлері басым болды.

штаб бастығы төрағалық етті²⁰. Бұл УСК құру тәртібі туралы жалпы құқықтық ережелермен сәйкес келмейді.

2007 жылғы маусымда Сайлау туралы Заңға енгізілген түзетулердің бірімен сайлау комиссиясының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар тиісті сайлау комиссиясына «кенес беру дауыс құқығы бар өзінің өкілін» жіберуге құқылы деп көзделген. Бұл партияларға комиссияның отырыстарына қатысу мүмкіндігін берді. Солай бола тұрса да, осындай өкілдерге сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, оның құзырына кіретін мәселелер бойынша ұсыныс енгізу және оның әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану сияқты белгілі бір құқықтар берілсе де, өзінің құқықтық мәртебесі комиссия мүшелерінен төмен екені айқын. Комиссия ресми шешімдерді шығарған кезінде олардың даусы ескерілмейтіні негізінде маңызды²¹. Мәжіліс сайлауына барлық қатысатын партиялар ОСК-ға өз өкілдерін тағайындаса да, төмен тұрған комиссияларға аздаған ғана өкілдері жіберілді.

В. САЙЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Сайлауға дайындық бойынша ОСК қызметі белсенді және транспарентті болды. ОСК бірқатар ережелер мен нұсқауларды әзірледі, ақпараттық веб-сайтын жүргізіп, жүйелі түрде жаңартып отырды және сайлаушылар үшін, соның ішінде электронды дауыс беру үшін ақпараттық кампанияны ұйымдастырды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Орталық сайлау комиссиясымен жақсы ынтымақтастық құрды және жүйелі түрде комиссиямен кездесіп отырды. ОСК қатысуға саяси партиялардың өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және бақылаушылар шақырылған отырысты жиі өткізгеніне қарамастан, осындай жағдайларда ОСК мүшелері арасындағы елеулі пікірсайыс сирек болды.

ОСК басшылығымен Республикалық сайлау комиссиясымен аумақтық сайлау комиссиясының және учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері үшін оқыту семинары ұйымдастырылды. Егер бақылаушылардың кейбіреуі осындай оқыту туралы жағымды пікір айтса, басқалары дайындық тек сайлау туралы Заңның баптарын оқумен ғана біткенін атап өтті. ОСК учаскелік сайлау комиссиялары үшін нұсқаулар бар екі жеке құжатты жариялады, олардың бір де біреуі ОСК ресми құжаты ретінде бекітілмеді²². Осы екі нұсқаулықтағы ақпарат кейде дәйекті жолмен мазмұндалмады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сайлау алдындағы кезеңде төмен тұрған комиссиялардың көпшілігінің ұйымдастырушылығын және көпшілік жағдайда ынтымақтастық үшін толық ашықтығын атап өтті. Жалпы алғанда, АСК мүшелері құзырлы және заңнама мәселелері бойынша жақсы хабардар екендігі жайлы пікір қалыптасты. Сайлау туралы Заңға сәйкес сайлау кампаниясына дайындық және өткізу кезеңінде комиссияның отырысы екі аптада бір реттен кем емес өткізіледі. Солай бола тұрса да, АСК(аймақтық) және АСК(аумақтық) ресми отырыстарды аз өткізді және ресми қаулыларды аз шығарды. АСК(аймақтық) және АСК(аумақтық) тарапынан бақылаушылар кездескен ашықтық дәрежесі және ынтымақтастыққа дайын болушылық, сайлау нәтижелерін жинақтаған кезде және дауыстарды санау кезінде елеулі төмендеді (ХІІІ С және D бөлімдерін қараңыз).

²⁰ Мысалыға, Оңтүстік Қазақстан облысындағы №№477 және 946 сайлау учаскелерінде.

²¹ Одан басқа, осындай өкілдер өздері тұрған сайлау комиссиясының құжаттармен және материалдармен танысуға және комиссияның толық құқылы мүшелері ретінде олардың куәландырылған көшірмелерін алуға құқылы емес.

²² Нұсқауларымен екінші құжат көптеген УСК үшін оқыту курстарын өткізгеннен кейін сайлау күнінен апта бұрын жарияланды.

Заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы билік органдары (әкімшіліктер) сайлаудың белгілі бір қырларын ұйымдастырған кезде (мысалы, сайлаушылардың тізімін жасау үшін жауап береді) кейбір міндеттерді атқарады. Бұл жағдайда көптеген аймақтардағы бақылаушылар тиісті сайлау комиссиялары мен жергілікті билік органдары қызметі арасында нақты шек қоюлардың байқалмағанын хабарлады²³. Сайлау күні кешкісін әкімшіліктер заң көзқарасынан сайлаудың нәтижелерін жинақтауда ешқандай рөлі жоқтығына қарамастан сайлау комиссиясының жұмысына қатысқан жағдайлар кездесті.

Әкімшіліктер сайлаушылардың тізімдерін жасау үшін жауапкершілікті көтереді. Әр жылдың 1 қаңтары және 1 шілдесінде әкімшіліктер электронды және қағаз тасымалдаушыларда Аймақтық сайлау комиссиясына нақтыланған деректерді ұсынуға тиіс. 2007 жылғы 1 шілдедегі жағдайы бойынша ОСК ақпаратына сәйкес дауыс беруге 8 808 093 азамат тіркелді. Заңмен белгіленген мерзімдерді сақтауда 2 тамыздан бастап дауыс беруге арналған учаскелерде жалпы барлығы танысуы үшін сайлаушылар тізімі ұсынылды. 10 тамыздағы жағдай бойынша тізімге 8 830 324 сайлаушы енгізілді. Дауыс беру күні аяқталғаннан кейін сайлаушылар тізімінде 8 870 146 адам болды.

ОСК азаматтардың назарын олардың тіркелгенін куәландыру қажеттігіне тарту бойынша белсенді кампанияны жүргізді. Сайлаушылардың тізімінің дәлдігін арттыру үшін қосымша әрекеттер қолданылды. ОСК бастамасы бойынша 9 тамыздан бастап сайлаушылардың өздері он-лайн режимінде тіркелген бе, жоқ па, тексере алатын болды, ал Астана және Алматы қалаларының әкімшіліктерінде сайлаушыларға тіркеу туралы қосымша ақпарат беру үшін телефондық қызу желілер ашылды.

Солай бола тұрса да, сайлаушылардың тізімдерін нақтылау рәсімі бірқатар елді мекендерде (мысалы, Қостанай және Жабыл облыстарында) қиындықтар туғызды, ал бірнеше жағдайларда сайлаушылардың тізімі сайлау алдындағы күні ғана дайын болды. Алматы қаласында 2005 жылдан бастап 2007 жылға дейінгі кезеңде бұзылған үйлерде тұрған тұлғаларды сайлаушылар тізіміне кіргізгенге қатысты ЖСДП ресми шағым беруіне қарамастан, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ осы тұлғалар, олардың тұрған жерлері туралы деректер сайлаушылар тізімінің нақтыланған нұсқаларында бар екендігіне көз жеткізді²⁴.

Дауыс беруге, тіркелген тұрғылықты жерінен сайлау күні алыста болатын азаматтар, келген жерінде дауыс беру куәлігі немесе есептен шығару куәлігін (ЕШК) алу туралы өтінішпен жолдана алады²⁵. 2007 жылғы маусымда ЕШК пайдалану туралы құқықтық ережелерге түзетулер енгізілді және ОСК, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның тиісті нұсқауларын басшылыққа ала отырып, ЕШК дайындау және беру бойынша толығырақ нұсқауды бекітті. Бұл белгілі бір дәрежеде ЕШК айналымын реттеуді жақсартты. Саны сайлау әкімшілік бірлігінде тіркелген сайлаушылардың бір пайызынан аспауға тиіс осы құжаттарды басып шығару үшін жауапкершілік Аймақтық Сайлау Комиссиясына (АСК) жүктелді.

²³ Мысалыға, кейде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ жергілікті әкімшіліктің қатысуымен ғана АСК кездесу мүмкіндігі болды. Осы тұлғалар өздеріне бас сұхбаттасушы рөлін алды, яғни сайлау комиссиясына бақылаушылар берген сұрақтарға жауап берді.

²⁴ Алматы қаласында осындай 400 жайлар болды.

²⁵ Заңда «есептен шығару куәлігі» (ЕШК) термині пайдаланылады.

С. ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ

2004 жылы Қазақстан дауыс берудің әдістерінің бірі ретінде электронды дауыс беруді енгізді. «Сайлау» электронды дауыс беру жүйесі 2004 жылғы парламенттік сайлауда және жетілдірілген түрде 2005 жылғы президенттік сайлауда пайдаланылды. 2007 жылғы сайлауда электронды дауыс беру электораттың жалпы санының шамамен 33 пайызын қамтитын 1512 сайлау учаскелерінде пайдаланылды. Осы дауыс беру пункттерінде сайлаушылар өз дауыстарын электронды әдіспен немесе таңдау бойынша қағаз бюллетеньнің көмегімен бере алады. Саяси партиялардың көпшілігі Қазақстандағы электрондық дауыс беру жүйесіне скептикалық(күдікті) көзқарасын білдірді.

Электронды дауыс беру жүйесі 2004 жылғы үкіметтік комиссиямен бастапқы бекітілгенге ұқсас, алайда, 2005 жылғы сайлау алдында кейбір жетілдірулер, соның ішінде дауыс беру үшін жаңа интерфейс енгізу және компоненттер деңгейінде жетілдіру жүргізілді. Жүйеде электронды картаға дауыстарды жазып алатын сенсорлы экранмен жабдықталған дауыс беру терминалы пайдаланылады. Сайлаушыларды сәйкестендіру үшін және сайлау күні ОСК-ға келу туралы деректерді беру үшін дербес компьютерге көшіріледі. Сайлаушының электронды картасында бар деректердің ішкі құрылымдары туралы толық ақпарат алмай, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сарапшыларының, «Сайлау» жүйесі көңіл білдіру құпиясына құқығын іске асыра ма, жоқ па, анықтау мүмкіндігі болмады²⁶.

Жүйенің негізі орталық серверде және электронды дауыс берудің әрбір пункттеріндегі дербес компьютерлерде сақталатын «Oracle» деректер базасында құрылған. Сайлаудың нәтижелері туралы ақпаратты қорғау П-карта (Пи-карта) деп аталатын, сондай-ақ «CryptoKey 2003»²⁷ ретінде белгілі құрылғымен қаматамасыз етіледі. «Сайлау» жүйесін әзірлеуде және оны сертификациялауға бірнеше жеке компаниялар қатысты²⁸. «Сайлау» жүйесіне қатысты құжаттамалардың көпшілігі танысу үшін еркін қоғамдық стандарттарға негізделеді.

2007 жылғы сайлауда пайдаланылған электронды дауыс беру жүйесінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бұрынғы сайлауларды өздерінің бақылауларында атап өткен кемшіліктер сақталды, соның ішінде:

- Электронды дауыс беру жүйесімен дауыс беруді бақылау нәтижесімен бірге басып шығаруын сайлаушымен тексерілетін «қағаз ізі» көзделмеген, соның салдарынан аудит пен дауыстарды тәуелсіз санау мүмкіндігі жоқ;

²⁶ Егер сайлаушыларды тіркеудің жүйе тармағы дауысты есепке алу жүйе тармағынан толығымен бөлінген болса, еркін білдіру құпиясын сақтау қамтамасыз етілгенін айқындау соншалықты жеңілрек болар еді.

²⁷ Пи-картаны сайлаушының электрондық картасымен шатыстырмау керек. Электрондық карта несие картасына ұқсайды және дауыс беруге арналған терминалға УСК-ның компьютерінен бос электрондық бюллетеньді аудару үшін пайдаланылады. Дауыс беруге арналған терминалды пайдаланғаннан кейін, бюллетеньде белгі салу үшін электрондық карта бюллетеньді онда сақталатын даусымен бірге УСК компьютеріне қайтадан аудару үшін пайдаланылады.

²⁸ Жүйені бастапқы әзірлеу бойынша негізгі мердігер Беларусутың «Тодес» ААҚ ҒӨ болды. Жүйені әрі қарай әзірлеумен Алматыдағы «Дельта Плюс» компаниясы айналысты, бұл жағдайда «Тодес» қосалқы мердігер болып қалды. «Дельта Плюс» 2005 жылғы сайлауда пайдаланылған чип-карт және чип-карталар үшін санаушы құрылғысы, сенсорлы экраны бар дауыс беру терминалын әзірледі. Компания сондай-ақ 2007 жылы пайдаланылған чип-карталарды жасауға қатысты. Пи-карта басқа мердігер - «Энигма» компаниясымен әзірленді.

- Электрондық дауыс беру үшін экранда бір мезгілде таңдаудың үш фигуранты ғана көрінуі мүмкін, соның салдарынан сайлаушыға электрондық бюллетеньдегі таңдаудың барлық нұсқаларын көру үшін төмен қарай парақтауға тура келеді;
- Төрт белгілі тексеру кодын алу мүмкіндігі сайлаушылардың еркін білдіру құпиясын бұзу және қорқыту қаупін тудырады²⁹.

Сайлау туралы Заңда электронды дауыс беру жүйесін қабылдау және сертификациялау критерийлері бойынша анықтық, сондай-ақ оны жетілдіргеннен кейін жүйені қайта тексеру туралы тікелей талап жоқ. Бастапқы жүйені сертификациялау бойынша негізгі жұмыс көлемі 2004 жылы «Otan Security» жеке компаниясымен жүргізілді. 2004 жылғы сайлаудан кейін жүйенің жұмыс істеуі үшін пайдаланылатын жаңа жүйелік компоненттер енгізілді және компьютерлер жетілдірілді, ал жақындағы жетілдірулер жүйенің кірістірілген бағдарламалық жабдықтау³⁰ не болмаса оның компоненттерін бағдарламалық жабдықтаумен жүргізілген.

Компоненттер деңгейінде көптеген жаңартулар шығарылған және сертификацияланғанына қарамастан 2004 жылдан бастап жалпы алғанда жүйені қайта тексеру жүргізілмеген. Әсіресе 2005 жылы дауыс берудің ескі интерфейсін сенсорлы экраны бар терминалға алмастыруды ескере отырып, бұл таң қаларлық нәрсе. Елеулі жаңартулар жүргізгеннен кейін жүйенің бүкіл жинағына қайта тексеруді жүзеге асырмау электронды дауыс беруді пайдалануда алдыңғы қатарлы тәжірибеге қарама-қайшы жүреді³¹.

2007 жылғы сайлаудың алдында жүргізілген жүйені ең соңғы жаңартуға қатысты сертификацияланған құжаттама, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) құжаттарының бірінде мазмұндалған жүйелік талаптарға сілтейді³². Құжатпен еркін танысуға болмайды. ОСК Ұлттық қауіпсіздік комитетінің талаптарына қатысты қандай да бір құжатты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ұсына алмады, ал ҰҚК ақпаратты алуға жазбаша сұранысқа жауап жолдамады.

Сатушымен бастапқыда қойылған түрде сатушының құжатындағы Пи-картамен және бағдарламалық жабдықтамамен ілеспе пайдаланылатын кодировка механизмдері сәйкестігі толық құжаттамамен расталатын «МЕМСТ» және «ISO» стандарттарына

²⁹ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ болашақтағы сайлауда сайлаушымен тексерілетін басып шығарылған дауыс беру нәтижелері бар бакылау және үлкен экраны бар терминалдарды пайдалану жоспарланатыны және пин-кодты жою туралы хабардар болды.

³⁰ Кірістірілген бағдарламалық жабдықтама «Сайлау» сияқты сенсорлы экраны бар дауыс беруге арналған терминалдай құрылғыға орнатылған және компьютердің тұрақты жадында сақталатын бағдарламалық жабдықтау болып табылады.

³¹ Электронды дауыс беру үшін құқықтық, операциялық және техникалық стандарттарды, Res(2004)11 нұсқаулары, Еуропалық Кеңес, 2004 жылғы 30 қыркүйек қараңыз; 1-Қосымша, 25-тармақ: «Кез келген электронды дауыс беру жүйесін ендіргенге дейін және ақырында қажетті жүйелікпен, әсіресе жүйеге қандай да бір өзгертулер енгізілгеннен кейін, сайлау органдарымен тағайындалған тәуелсіз орган электронды дауыс беру дұрыс жұмыс істей ме, жоқ па, және барлық қажетті қауіпсіздік шаралары қолданылды ма, жоқ па соны тексереді». 132-тармақта былай делінген: «Әрбір сайлаудан немесе референдумнан кейін жүйелі негізде жүргізілетін тексеруді және жүйені қандай да бір жаңарту кезінде жүргізілетін тексеруді нақты шектеу керек. Бірінші жағдайда тексеруді сайлау немесе референдумды жүргізу жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін органның қызметкерлері жүзеге асыруы мүмкін. Алайда екінші жағдайда тексеруді тәуелсіз орган жүзеге асыруға тиіс, себебі осындай тексеру сертификация рәсімімен көп ұқсас келеді».

³² Құжаттың бастапқы нөмірі: 2003 жылғы 31 желтоқсандағы ҚР ҰҚК нөмірі 0271..

сәйкес келетіні көрсетілген³³. Сонымен қатар, Пи-картаны сатушы («Энигма»)ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға хабарлағандай, сертификациялайтын орган («Элмас-БИС») ОСК-ға жеткізгенге дейін бірқатар жүйелік жаңартулар жүргізген³⁴. Болжаммен, жүйеге өзгертулер ҰҚК құжатында толық мазмұндалған талаптарға сәйкестікке келтіру үшін жүргізілді. Жүйені немесе оның компоненттерін жұртшылықтың танысуға қол жеткізе алмайтын стандартқа сәйкестендіру үшін жетілдіру, электронды дауыс беру жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етудің жалпы қабылданған нормаларын бұзады³⁵.

ОСК, қызмет көрсетушілер және мердігерлер электронды дауыс беру мәселелері бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-мен өздерінің қатынастарында ашық болды және жалпы алғанда талап ету бойынша қажетті ақпаратты беріп отырды. ЖСДП оған ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ- дай мөлшерде жүйеге рұқсат алудың сәті түспеді деп мәлімдеді. Саяси партиялар және жергілікті бақылаушылар «Сайлау» жүйесінің жұмысымен қаншалықты белсенді танысуға ұмтылыс жасағаны түсініксіз күйінде қалды.

VI. КАНДИДАТТАРДЫ ЖӘНЕ ПАРТИЯЛАРДЫ ТІРКЕУ

Ымырашылдық және ашық тәсілдерді көрсете отырып, ОСК мынадай құрамдағы, кандидаттарының тізімін берген барлық жеті партияны тіркеді: ЖСДП (80 кандидат), «Нұр Отан» (126 кандидат), «Қазақстанның патриоттар партиясы» (ҚПП) (11 кандидат), «Ауыл» (33 кандидат), «Ақ Жол» (98 кандидат), «Руханият» (9 кандидат) және Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы (ҚХКП) (20 кандидат)³⁶. Ұсынылған 400 кандидаттың ОСК қажетті құжатты тапсырмаған не болмаса кандидаттарға қойылған талапқа толығымен сәйкес келмеген 23-нен басқасының барлығын тіркеді. Тіркеу үдерісіне қатысты партиядан шағымдар түскен жоқ, сондай-ақ ешбір апелляция берілген жоқ. Бюллетеньдегі партияның жүру кезегін анықтау үшін жеребе тастау сенім білдіруге болатын және ашық түрде өткізілді.

Сайлауға қатысу үшін партиялар, партияның 50 000 мүшелерінің ұсынылған қолдары кіретін Әділет министрлігінде тіркеу рәсімінен алдын ала өтуге тиіс. Министрлікте хабарлағандай, тіптен, егер қойылған қолдардың саны қажетті 50 000 асса да, бір жалғыз ғана қате сұранысты қабыл алмауға негіз болуы мүмкін. Одан басқа, Министрлікте қойылған қолдарды тексеру мерзімі заңнамалық тәртіпте белгіленбеген. Себебі заңнаманың жаңа редакциясына сәйкес азаматтар партиядан кандидат ретінде

33 Кеңес Одағының уақытындағы мемлекеттік стандарттар болып табылған «МЕМСТ» стандарттар қазіргі кезде стандарттау, метрология және сертификация бойынша Еуроазиялық кеңестің карамағында, «МЕМСТ» стандарттарының көпшілігі қазіргі кезде стандарттар бойынша Халықаралық ұйыммен индекстелген.

34 Өзгертулер жүйенің криптографиялық компоненттерінде, Пи-карталарында, олардағы кірістірілген ілеспе бағдарламалық жабдықтау және драйверлерде жүргізілді. Компьютерге қосылған құрылғыға арналған драйвер осы құрылғыға қатынау алу үшін операциялық жүйенің бір бөлігі ретінде пайдаланылатын бағдарламаны білдіреді.

35 Электронды дауыс беру үшін құқықтық, операциялық және техникалық стандарттарды, Res(2004)11 нұсқаулары, Еуропалық Кеңес, 2004 жылғы 30 қыркүйек қараңыз; 1-Қосымша, 128-тармақты қараңыз: «Билік органдарына да, азаматтар үшін де электрондық дауыс беру ашық болғаны барынша маңызды. Аппараттық және бағдарламалық жабдықтаудың компоненттерін нақты, толық және ең соңғы сипаттамасын жариялау керек, оның өзі мүдделі тұлғалардың өздеріне пайдаланылатын жүйе құзырлы органдармен сертификацияланғанына көз жеткізуіне жағдай жасайды. Сертификация қорытындысы билік органдары, саяси партиялар және құқықтық жағдайына байланысты азаматтарға жариялануға тиіс».

36 Сайлау бюллетенінде партиялардың жүру тәртібі жеребе тастау арқылы айқындалады.

ғана сайлауда дауысқа түсе алатын болғандықтан, партияны тіркеуден бас тарту кейбір азаматтардың құқығын нақты шектейді және сайлаушыларға берілген саяси таңдауды ықтималды түрде тарылтады.

Билік органдарымен қолданылатын шамадан тыс қатаң және айқындылықтан айрылған көзқарас, қолдаудың жоғарғы деңгейін көрсететін саяси партияларды тіркеу мәнін жоғалтады және 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.6 параграфына қарама-қайшы келеді³⁷. Екі әлуетті қатысушы-партиялар, «Алға!» және «Ата-Мекен» 2006 жылғы қараша және желтоқсанда өз партияларын тіркеуге өтінім берді. Министрлік осы уақытқа дейін осы партиялардың бір де біреуін тіркеген жоқ³⁸. Сондықтан, осы екі әлуетті партиялар сайлауға қатыса алмады.

Оппозицияның жетекші қайраткерлерінің бірі, Болат Әбілов (ЖСДП қосалқы төрағасы), сайлау туралы Заңның 4.4-бабы бойынша сайлауда дауысқа түсуге құқығы болмады. Бұл бап «өтелмеген немесе алынбаған сотталуы бар» тұлғаларды сайлауға қатысуға жібермейді» (жоғарыдағы IV. С-бөлімін қараңыз).

VII. САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ

«Нұр Отан» басқарушы партиясы өзін жақсы ұйымдастырылған етіп көрсетті, ең көп қаржылық мүмкіндіктері болды және биліктегі партияның артықшылығын пайдаланды. Оның партиялық ұйымдары елдің барлық жерлерінде орналасқан. «Ақ Жол» және ЖСДП-ның да облыстық, кейде аудандық та бөлімдері болғанымен, олардың «Нұр Отанға» қарағанда қуаты аздау болды. Қалыптасқан пікірлер бойынша, қалған төрт партияның «Ақ Жол» және ЖСДП-на қарағанда құрылымы онша дамымаған болды және «Нұр Отан» мен екі ірі оппозициялық партиядан өзгешелігі кандидаттардың толық тізімін тіркеуге ұмтылыс жасамады. Онша ірі емес партиялардың кейбіреуі өздерінің аздаған қаражаттарының көбін тек кандидаттарды тіркеуге ғана жұмсағанына назаланды. Партиялардың көпшілігі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ге кампания жүргізумен және кандидаттар үшін сайлау жарнасының мөлшеріне байланысты елеулі шығындардың себебі бойынша шағым айтты³⁹.

Сайлау алдындағы үгіт 18 шілдеде басталып, 16 тамызға дейін жалғасты, содан кейін үгіт жүргізуге заң бойынша тыйым салынған. Егер үгіт жүргізу қызметінің бастапқы кезеңінде партиялардың белсенділігі төмен болса, сайлау алдындағы жарыстың кешірек кезеңдерінде белсенділіктері артты.

³⁷ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.6- параграфы қатысушы-мемлекет «жеке тұлғалардың және тұлғалар топтарының еркіндік жағдайында өзінің саяси партияларын немесе басқа саяси ұйымдарын құру құқығын сыйлайды және осындай саяси партияларға және ұйымдарға заң және билік органдары алдындағы теңдік негізінде олардың бір бірімен жарысуна жағдай жасайтын қажетті заңды кепілдіктерді беретінін» көздейді.

³⁸ «Алға!» тіркеуге өзінің бірінші өтінімін 2005 жылы берді. Өтінім тіркеуге берілген құжаттарда жіберілген қателер үшін қабыл алынбады. Шағым беру қорытындысы бойынша соттар Министрліктің шешімін күшінде қалдырды.

³⁹ Мәжілісте өкілдігі жоқ партиялар партиялық тізімге енгізілген әрбір кандидат үшін минималды еңбекақының он бес еселік мөлшеріндегі сайлау жарнасын міндетті түрде төлеуге тиіс. Өткен сайлауларда бұл бір кандидат үшін 145 800 теңгені (850 евроға жуық) құрады. Сайлау туралы Заңның жаңа редакциясында Мәжіліске депутаттарды алдыңғы сайлауда сайлаушылардың даусының жеті және одан көп пайызын алушы саяси партиялар жарна төлемейді, бестен жеті пайызға дейін дауыс алған партиялар толық соманың елу пайызы мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді және дауыстардың үштен беске дейінгі пайызын алғандар сайлау жарнасының толық сомасының жетпіс пайызын төлейді. 2007 жылғы сайлауда жарна төлеуден «Нұр Отан» және «Ақ Жол» партиялары босатылды..

Кампанияны «есіктен есікке дейін» жүргізу, үн парақтарды тарату және кездесулерді ұйымдастыруды барлық партиялар қолға алғанына қарамастан, «Нұр Отан» үгіт жүргізу кампаниясы бәрінен көбірек байқалды. «Ақ Жол», ЖСДП және кейбір дәрежеде «Ауылдың» сайлау алдындағы кампаниялары да аз дәрежеде болса да көзге көрінді. Басқа партиялардың үгіт жүргізу белсенділігімен көрінуі аз болды. «Нұр Отан» ұйымдастырған кездесулер және митингілерден басқа, осы партияға жанама қолдау көрсеткен көптеген қоғамдық, мәдени және қайырымдылық іс-шаралары өткізілді.

Үгіт жүргізу жалпы алғанда тыныш өтті. Сонымен қатар, бірқатар аймақтарда партиялар оны жүзеге асыруда теңсіздік жағдайда болды. Егер кейде, бұл олардың өкіміндегі партияларда бар қаражаттардағы айырмашылықтармен туындаған болса, басқа жағдайларда, бұл жергілікті билік органдар тарапынан басқарушы партияға артықшылықты көз-қарасының нәтижесі болды⁴⁰. «Ауыл» және ЖСДП кампания жүргізуге олардың шоттары ресми түрде ашылмағандығынан партияларының үгіт жүргізу ресми басталғанға дейін үгіт материалдарын дайындауға тапсырыстарды орналастыра алмағандарына назаланды.

Кампанияның бірінші күнінен бастап байқауға болатын «Нұр Отанды» қолдауға үгіттейтін жарнамалық тақташалар барлық жерде болды, басқа партиялардың жарнамалық тақташалар сирек байқалды. Партиялардың көпшілігі қаланың орталық бөлігінде орналасқан жарнамалық тақташалардан орын алуда қиындықтармен кездескенін мәлімдеді⁴¹. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ әр түрлі партиялардың үгіт жүргізу плакаттары осыған ресми арналған стенділерге орналастырылғанын байқады; сонымен қатар оппозициялық партиялардың ресми стенділерінен басқа үгіт материалдары еш жерде көрінбегенге жақын болды.

Заңнама бойынша барлық партиялардың кездесулер өткізу үшін ресми түрде белгіленген жерлерге бірдей мүмкіндігі болуы тиіс. ЖСДП-мен шағымдар берілді, онда жергілікті өзін өзі басқару органдары қалалардың және елді мекендердің шеті сияқты қолайсыз жерлерді белгілегенін немесе осындай жерлерді айқындауға асықпағанын мәлімдеді.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бір қатар жағдайларда үгіт жүргізу іс шараларын өткізу үшін орындар орталық емес аудандарда белгіленгеніне көз жеткізді. Маңғыстауда «Нұр Отан» партиясы әр түрлі әдістермен, соның ішінде көшедегі митингілер және элеуметтік-мәдени іс шаралар, мысалы, концерттер түрінде сайлаушылармен кездесулерді және өзінің кампаниясын ұйымдастыруға рұқсат алды. ЖСДП және «Ақ Жолда» жағдай тіптен басқаша болды. Осы партиялар өздерінің іс шараларын өткізуге рұқсат сұрап жолданған кезде, оларға ыңғайсыз үй-жайлар ұсынылған, ал бірқатар жағдайларда ешбір себебін түсіндірусіз оларға қоғамдық мәдени орталықтарды пайдалануға рұқсат етілмеді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушылары, сонымен қатар Ақтөбе, Атырау, Қарағанды және Алматы облыстарында өз іс шараларын өткізу үшін қолайлы орындарға рұқсат алумен оппозициялық партияларда туындаған мәселелер туралы да хабарлады. Оппозициялық партиялар ресми емес орындарда, мысалы аулаларда көбінесе аздаған митингілер өткізді. Не себептен жергілікті билік органдары

⁴⁰ Мысалы, Балқашта (Қарағанды облысы) «Нұр Отан» және ЖСДП партиялары өз үгіт жүргізу материалдарын рұқсат етілмеген жерлерге орналастырды. Солай бола тұрса да, полиция ЖСДП-ны ғана материалдарды алып тастауға міндеттеді.

⁴¹ Партиялар Алматы, Павлодар, Қарағанды, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ақтау, Атырау қалаларында және Маңғыстауда жарнама тақташаларына қол жеткізу проблемалары туралы хабарлады.

үгіт жүргізу үшін, кездесулер мен іс шаралар өткізу үшін үй жайлардың және ашық аспан астындағы жерлердің кеңірек тізімін бермегені түсініксіз күйінде қалды.

Егер үгіт жүргізу іс шараларына арналған жерлерге рұқсат алудың қиындықтарын санамағанда көпшілік аймақтарда саяси партиялар өз кампанияларының негізінен әкімшіліктің ерекше араласуынсыз өткізу мүмкіндігі болды. Осыған қарамастан, жеке проблемалар туралы хабарлар да түсті. Ақтөбеде полиция қызметкерлерімен ұзаққа созылмаған мерзімге өздері жасаған плакаттарды көрсеткені және партиялардың біреуінің рәмізі бар майкаларды кигені үшін тоғыз адам ұсталды. Семей қаласында ЖСДП-ның үгіт материалының көп мөлшерін ұрлау жүзеге асырылды. «Нұр Отан» партиясы, ЖСДП, ҚХКП және Ауылдың үгіт материалдарында заң бойынша шығыс деректері болмағаны туралы мәлімдемемен ОСК-ға бірнеше шағым берді.

Мемлекеттік органдар мен басқарушы партияның қызметінің арасында нақты шектеу жүргізу әрдайым бола бермеді. «Нұр Отан» партиясымен қоғамдық қабылдау желілері ашылды, онда азаматтар өз проблемаларын айта алды және оның өзі өз кезегінде жергілікті билік органдарына жіберілді. Кейде осы қабылдауларда кандидаттармен бірге жергілікті билік өкілдері де қатысып отырды. Одан басқа, сайлау туралы Заңды бұза отырып, сайлау алдында 7 аймақта сайлау учаскелерінің ішінде, сондай-ақ әкімшілік үйлерінде «Нұр Отан» партиясының плакаттары байқалды⁴².

Кейбір аймақтарда белгілі бір елді мекендегі штатында азаматтардың көп пайызы бар жеке меншік нышанындағы бірқатар ірі кәсіпорындар басқарушы партияға айқын қолдауын көрсетті дегендей пікір қалыптасты. Осыған байланысты Қарағанды облысында ірі компанияның қызметкерлерін «Нұр Отан» партиясының митингісіне компанияға тиесілі автобуспен апарған жағдай тіркелген. Сайлау күні кейбір компаниялар қызметкерлері дауыс берді ме, жоқ па, соны белсенді түрде бақылады⁴³.

VIII. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

A. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Қазақстанда 2500 астам бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде 219 электронды БАҚ және 11 жаңалықтар агенттіктері тіркелген. Саяси ақпараттың негізгі көзі болып теледидар табылады. Бүкіл Қазақстанның аумағына хабар таратуды екі мемлекеттік арна («Қазақстан», «Хабар») жүзеге асырады. Сондай-ақ Ресей теледидары, әсіресе ауылды жерде және солтүстік аймақтарда көбірек қаралады.

Елдегі бұқаралық ақпарат құралдарының 80 пайызына жуығы жеке тұлғалардың иелігінде. БАҚ-қа меншік құқығына иелік ашықтығы жеткіліксіз түрде. БАҚ және үкіметтік емес сектордың кейбір өкілдері бұқаралық ақпарат құралдарына меншіктің елеулі шоғырлануын атап өтті.

Аздаған ғана БАҚ тәуелсіз және саяси мәселелерді теңгерімді түрде жариялауды ұсынатындар деп есептеуге болады. Жалпы алғанда БАҚ-та билікке арналған сын өте

⁴² Мысалы, Қостанай облысында әкімшілік «Нұр Отан» партиясының үгіт жүргізу материалдарымен бірге сайлаушылар үшін ақпаратты материалдарды таратты және тағы бір осыған ұқсас жағдай Солтүстік Қазақстан облысында да тіркелді.

⁴³ Қарағанды облысында ірі компаниялардың біреуінің қызметкерінен олардың дауыс бергені туралы анықтама талап еткен. Маңғыстау облысының бірқатар сайлау учаскелерінде компанияның өкілдері қатысты және кейбір жағдайларда олардың қызметкерлері дауыс берді ме, жоқ па, соны тексергені байқалды.

аз жарияланады, ал кейбір журналистер сын ретінде қабылдануға тиіс жаңалықтар, бұқаралық ақпарат құралдарының иелерінің өкімі бойынша жиі эфирге шықпай қалатынын мәлімдеді.

Үш оппозициялық газеттер ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ға басып шығаратын бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тарату арналарына қол жеткізудегі қиындықтарға назаланды. Сонымен қатар 2005 жылғы сайлаудағыдай тұтас таралымдардың ұсталып қалғаны туралы хабар түскен жоқ.

В. БАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕҢБЕРЛЕРІ

Конституциямен сөз бостандығына кепілдік беріледі және цензураға тыйым салынады. Осыған қарамастан, Қазақстанда жала жабу үш жылға дейін бас бостандығынан айырып, жазаланатын қылмыстық іс болып табылады. Одан басқа, Қылмыстық кодекспен Президенттің «ар-ожданын және беделін» қорғау туралы жеке ереже көзделген, ал оларды маскаралайтын әрекеттерге бару- үш жылдық мерзімге дейін түрмеге қамауға әкеледі. 2006 жылы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңға түзетулер енгізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндік мәселесі бойынша ЕҚЫҰ Өкілдігінің бюросымен осы түзетулерге шолу жарияланды, онда БАҚ-ты тіркеу тәртібі туралы онсыз да ауыртпалықты ережелер заңмен одан әрі қатандандырылғаны және осы ережелерді бұзғаны үшін елеулі сомада жаңа айыппұлдар енгізілгені⁴⁴ атап өтілді.

Сайлау туралы Заң сайлау кампаниясы кезеңіндегі БАҚ-тың қызметін реттейтін негізгі заңнамалық акт болып табылады. Оның ережелеріне сәйкес кандидаттар мен саяси партияларға БАҚ-қа бірдей қол жеткізуге кепілдік беріледі, ал бұқаралық ақпарат құралдары партиялардың сайлау кампанияларын «әділ жариялауды» жүзеге асыруға міндетті⁴⁵.

25 шілдеде ОСК сайлау туралы Заңында мазмұндалатын қағидаларды бекіткен, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуді жүзеге асыру ережесін қабылдады, оған сәйкес партияларға кемсітпей негізде ақылы жарнаманы орналастыруға рұқсат етілді және теледидардағы пікірталастарға қатысуға құқық берілді. ОСК бастамасы бойынша әрбір партияға «Хабар» телеарнасындағы прайм-таймда 20 минуттен тегін эфир уақыты бөлінді, «Қазақстан радиосы» мемлекеттік радиоарнасындағы прайм-таймда 1 сағаттық эфир уақыты бөлінді және екі мемлекеттік газеттің әрқайсысында 250 жол баспа алаңы бөлінді. Партияларға тегін эфир уақытына құқық беретін құқықтық ережелердің болмауын ескере отырып, ОСК қолданған шаралары мақтауға тұрарлық.

Сайлау алдындағы кампаниялар барысында мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарының кейбір әрекеті мазасыздық туғызды. 21 шілдеде ЖСДП бұрынырақ эфирге шыққан жаңалық сюжеттерінен жасалған оның бес ақылы роликтерін және «Елді халыққа қайтару кезі келді» лозунгын таратудан «Хабар» мемлекеттік телеарнасының бас тартуына қатысты ОСК-на ресми шағым берді. Егер «Хабар» телеарнасы сюжеттегі көрсетілген тұлғалардың жазбаша келісімін партияның

⁴⁴ Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндік мәселесіне байланысты ЕҚЫҰ Өкілдігінің тапсырмасы бойынша 2006 жылғы тамыздағы Есептің 19-бабын қараңыз: www.osce.org/documents/rfm/2006/09/20706_en.pdf

⁴⁵ 14 шілдеде 60-тан астам БАҚ және ұйымдар сайлау кампаниялары туралы пара пар, дұрыс және толық ақпараттандыру бойынша міндеттеме қабылдай отырып, заңды күші жоқ сайлау кампанияларын жариялауда этикалық нормаларды сақтау туралы Хартияға қол қойды.

ұсынбауынан таратпағаны туралы өз шешімін негіздесе, ОСК-ның ақпараттық дауларды қарастыру жөніндегі органы және Әділет министрлігінің сарапшылар тобы осы роликтер сайлау туралы Заңмен (27.10-бап) тыйым салынған әлеуметтік алауыздықты тудыруға әкелуі мүмкін деген қорытынды шығарды. Осы бап кең түрде түсінік бере алатындай болып көрінеді, осы жағдайда пікір білдіру еркіндігін негізсіз шектеуге әкелген сияқты. Осы қорытындылардың негізінде ОСК «Хабар» телеарнасының пайдасына шешім қабылдады. Жоғарғы сот ОСК-ның шешімін күшінде қалдырды және роликтер электронды БАҚ-ның эфиріне шықпай қалды⁴⁶.

«Казахстанская правда» мемлекеттік басылымы тегін баспа алаңдарын беру бойынша ОСК-ның бастамашылығы шеңберінде ЖСДП-ның жіберілген мақаласын редакциялады. Газет «мақаладағы кейбір сөздер қорлаушы сипатта болды, әділ болмады және де сайлау кампаниясының қатысушыларына нақты залал келтіруі мүмкін еді» деген мәлімдеумен өз шешімін негіздеді. ЖСДП ОСК-на ресми шағым берді, ал Бас прокурор газетке заң түсіндірмесін жіберді, онда редакциялаудың «ешбір құқықтық негізсіз жүргізілгендігі» атап өтілді. Осыған қарамастан, ОСК осы шағым бойынша ресми қаулы шығарған жоқ, ал «Казахстанская правда» газетінде мақала басылып шықпады.

С. БАҚ МОНИТОРИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Үгіт жүргізудің ресми кезеңі ішінде (18 шілдеден бастап 16 тамызға дейін) ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бес телеарнаға⁴⁷ және он бір газетке⁴⁸ сапалық және сандық мониторинг жүргізді. СБМ сайлауда әрекет ететін тұлғалар мен партияларға бөлінген эфир уақытымен баспа алаңдарының мөлшеріне, сондай-ақ прайм-таймда шығатын хабарлар мен баспасөз басылымдарындағы жарияланымдарының реңіне талдау жасады.

Сайлау алдындағы бірнеше айлардың ішінде «31 Канал» және «КТК» саясат туралы өз хабарларының көлемін қысқартты. Кампанияның алғашқы екі аптасы ішінде БАҚ саяси мәселелер бойынша толық хабарларды ұсынбады. Алайда, егер жалпы кезеңнің барлығын алғанда, мониторингке кірген барлық БАҚ, жарысқа түскен партиялардың көзқарастарын қандай да бір дәрежеде көрсетті. Солай бола тұрса да, «31 Каналды» қоспағанда электрондық БАҚ кампания туралы өз хабарларында сандық жағынан да, сапалық жағынан да «Нұр Отан» партиясына қалаулылық көрсетті.

Сайлау кампаниясын жаңалықтарда теңгерімдік хабарлаумен қамтамасыз ету үшін ерекше жауапкершілік көтеретін Мемлекеттік теледидарда, «Нұр Отан» партиясына «Хабар» телеарнасында саясат жаңалықтарын берудегі уақыттың 20 пайызы және «Қазақстан» арнасында 17 пайызы бөлінді. Онымен салыстырғанда, ЖСДП-ға уақыттың соған сәйкес 3 және 4 пайызы арналды, ал «Ақ Жол» партиясына уақыттың 7 және 12 пайызы бөлінді. Қалған партияларға әрқайсысына уақыттың 3-тен 6 пайызына дейін бөлінді.

46 ОСК-да жаракат алған шахтерлер мен вирус жұқтырған балалар көрсетілген кадрлар олардың отбасыларына қайғы-қасірет әкелер еді деп мәлімдеді. Солай бола тұрса да, осы кадрлар бес роликтің тек екеуінде ғана көрінді.

47 «Қазақстан» және «Хабар» мемлекеттік телеарналары, сондай-ақ жеке арналар - «Астана», «31 канал» және «КТК». Осы арналардың Қазақстан аумағын қамтуы әр түрлі.

48 Мемлекеттік - «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» - және жеке - «Айқын», «Экспресс К», «Литер», «Начнем с понедельника», «Новое поколение», «Панорама», «Республика», «Свобода слова» және «Время».

«Қазақстан» және «Хабар» телеарналары айырықша (99,8 пайызға) мақұлдаушы немесе бейтарап үндестіліктегі саясатпен байланысты, Президенттің және Үкіметтің⁴⁹ қызметі туралы саясат жаңалықтарын таратуға өз уақытының үштен бірін арнады. Одан басқа, кампания жүрген кезінде «Қазақстан» және «Хабар» телеарналары Президент көрсетілген көптеген роликтерді көрсетті немесе оның жетістіктерін қолдауға пікірлер айтылды. Президент «Нұр Отанның» көшбасшысы болғандықтан бұл осы партияның пайдасына шешілуі мүмкін болды.

Жеке телеарналарға келсек, онда «31 Каналда» сайлау туралы хабарды тарату теңгерімді түрге жақын болды. Телеарна уақытының 19 пайызын «Нұр Отанға», 17 пайызын – ЖСДП-ға және 12 пайызын - «Ақ Жолға» арнады. Рең тек негізінен бейтарап болды, алайда кейде барлық үш партия да сынға ұшырады. «КТК» прайм-таймда шыққан арнайы хабарды таратты, оның барысында барлық партиялардың өз көзқарастарын жеткізуге мүмкіндігі болды. Осы арнадағы жаңалықтар бағдарламасы уақыт мөлшері бойынша теңгерімді, алайда реңі бойынша теңгерімдігі төмен болды. «КТК»-да жүйелі түрде шығатын бағдарламалардың бірі- «Барлығы да сайлау үшін» ЖСДП-ны жүйелі түрде жағымсыз жағынан сипаттады. Басқа жеке меншік хабар таратушы «Астана» телеарнасы жасырын жағымды үндестікпен, оған саяси жаңалықтарды тарату уақытының 24 пайызын бөле отырып, өз қалауын «Нұр Отан» партиясына көрсетті. Саяси жаңалықтарды тарату уақытындағы «Ақ Жол» партиясының үлесі 10 пайызды құрады, онда ол туралы жағымды немесе бейтарап сипаттағы ақпараттар хабарланды, ал ЖСДП-ға рең бойынша (жағымды да, жағымсыз да) аралас, хабар тарату уақытының 3 пайызы ғана бөлінді.

ОСК өтініші бойынша Ақпарат және мәдениет министрлігі БАҚ-на мониторинг жүргізді. Мониторингтің кейбір нәтижелері жарияланды. Сонымен қатар, тарату уақытынан тәуелсіз эфирде партиялардың пайда болу мөлшерін санауды қосатын мониторингтің әдістемесі бұқаралық ақпарат құралдарымен кампанияны баяндауда теңсіздікті анықтау үшін өте тар болуы ықтимал.

Кампания кезінде бірқатар пікірталастар ұйымдастырылды. Сайлауда жарысқа түскен барлық партиялардың қатысуымен болған пікірталастар 3 тамызда «Қазақстан» телеарнасында және 10 тамызда «Хабар» арнасында өтті. Осы пікірталастардың пішімі аздаған көлемде ғана интерактивті талқылау жүргізуге жағдай жасай отырып, партияның өкілдері арналармен алдын ала айқындалған тақырыптардан таймау тиістігін көздеді. 20 шілдеден бастап «31 Каналда» эфирге пікірталастардың сегіз раунды шықты. Әрбір жазба жүргізілген пікірталастарда сайлауда бәсекелестігі бойынша екі партиядан қатысты. Олардың жеке комментарийлерінің цензурасына қатысты кейбір партиялардың шағымдарына қарамастан, пікірталастардың өздері-ақ партиялардың көзқарастары туралы ақпарат алуға сайлаушыларға мүмкіндік берді.

ЖСДП және «Нұр Отан» арасында «31 Канал» арна өткізуді жоспарлаған тағы бір пікірталастың жазбасы мемлекеттік «Қазақстан» телеарнасымен жасалып, «Канал 31» түсіргенді эфирге шығаруға тиіс еді. Пікірталастарды жазғаннан кейін «Қазақстан» телеарнасы «31 Каналға» беруге тиіс жазбаны редакциялауды шешті. Бұл «Нұр Отан» партиясын жақсы көрсету үшін Ақпарат және мәдениет министрлігінің өкімімен жасалғанын ЖСДП көпшілік алдында мәлімдеді. Бұл мәлімдеме Министрдің өзімен де, «Қазақстан» арнасының басшылығымен де жоққа шығарылды, олар редакциялау тек

⁴⁹ «Астана» және «КТК» жекеменшік арналары туралы тура солай айтуға болар еді

техникалық сипатта болды деп хабарлады. Пікірталастардың редакцияланбаған көшірмесін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ ала алмады.

Ақылы үгіт материалдарын барлық партиялар орналастырды, ал «Нұр Отан», ЖСДП және «Ақ Жол» осыған қатысты ең үлкен белсенділік көрсетті. Мониторинг жүргізілген барлық телеарналар, ОСК-мен дайындалған сайлаушыларға арналған оқыту бағдарламаларын кеңінен таратты.

Мониторинг жүргізілген баспа Бұқаралық ақпарат құралдары, электронды БАҚ-на қарағанда жарысушы партияларды жан-жақты баяндады, алайда олардың көпшілігі белгіленген редакторлық саясатты ұстанды. Мемлекеттік «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерін қоса алғанда, газеттердің көпшілігі, билік пен «Нұр Отан» пайдасына анық қалаушылық көрсетті. «Время» басылымы барлық саяси спектрдің партияларына сыни көзқарасын көрсетсе, «Панорама» өз оқырмандарына бәсекелестердің теңгерімдірек баяндамасын ұсынды.

Сайлау күні «Қазақстан» телеарнасында эфирге Президентті өте жағымды жағынан сипаттаған, құжаттық фильмдердің сериялары шықты. Ол Президенттің ресми баспасөз қызметімен дайындалды. Телеарна, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының рәміздері және белсенділері кадрға жиі түскен, 3 тамыздағы өткен концертті де эфирден берді. Мониторинг жүргізілген барлық телеарналар, ол өз даусын бергеннен кейін сөйлеген Президенттің сөзін көрсетті.

IX. ШАҒЫМДАР ЖӘНЕ АРЫЗДАР

Сайлау заңнамасын бұзуға қатысты барлық шағымдарды сайлау комиссияларына, соттарға және прокуратураға беруге болады. Сайлау комиссияларының шешімдеріне, әрекеттері және әрекетсіздігіне жоғары тұрған сайлау комиссияларына немесе соттарға шағымдануға болады.

ОСК бастамасы бойынша шағымдарды қарап шығу үшін екі кеңесу органы: шағымдарды қарап шығуға арналған Қызметтік тобы және Ақпараттық дауларды қарайтын қоғамдық кеңес (АДҚҚК) құрылды⁵⁰. Бұл органдар бақылаушылар мен партияның өкілдері үшін ашық отырыстар өткізді және партиялар көтерген әр түрлі мәселелерді талқылау үшін платформаны қамтамасыз етті. Сайлау алдындағы кампания аяқталған сәтте ОСК Мәжіліс сайлауына байланысты 61 шағым, сондай-ақ мәслихаттарға сайлау мәселелері бойынша басқа шағымдар алды.

Сайлау алдындағы шағымдардың ең көпшілігі үгіт жүргізу материалдарын санкцияланбаған жерлерде орналастырумен және үгіт жүргізу материалдарында шығыс деректерін көрсетпеумен байланысты болды. Ең елеулі шағымдар БАҚ-ғы партиялардың үгіт жүргізу кампанияларымен байланысты болды. Ақпараттық дауларды қарайтын қоғамдық кеңес (АДҚҚК) осындай шағымдарға біршама енжар көзқарас қолданды және жалпы алғанда БАҚ-мен байланысты дауларды реттеудің тиімді механизмі бола алмады.

Жалпы алғанда, ОСК шағымдарды ашық түрде қарап шықты. Алайда, шешім шығарудың орнына, көптеген шағымдарды ОСК прокуратураға немесе басқа

⁵⁰ АДҚҚК 19 шілдеде құрылды. Оның міндеттері бұқаралық ақпарат құралдарына бірдей қатынауды қамтамасыз етуге көмектесу және сайлау алдындағы кампанияны алдын ала қалаусыз баяндау болды.

мемлекеттік органдарға түсінік алу үшін немесе тергеу жүргізу үшін қарап шығуға жіберіп отырды. Ресми шешімдер ОСК-мен тек екі жағдайда ғана шығарылды. Кейбір жағдайларда ресми шешімдерді шығарусыз түзету шаралары қолданылды. ОСК-мен, сондай-ақ сайлау күні 13 шағым алынды және тағы 12 шағым 22 тамызда соңғы нәтижелерді жариялағанға дейін алынды, олардың үшеуі Мәжіліс сайлауында дауыс санауға қатысты болды.

Шағымдар мен мәлімдемелерді қарап шығуда сайлау комиссияларымен қайта жіберілген, көп жағдайда иелігіне келіп түскен прокуратура белсенді рөл атқарды. Бас прокурор өз қызметкерлеріне сайлау заңнамасын аздап бұзғандарды қарастырған кезде мейірімділік әдісті қолдануларына нұсқау берді.

Сайлау алдындағы кезеңде Мәжіліске сайлаумен байланысты шағымдар соттарға азырақ түсті. Солай бола тұрса да, сайлау күніне дейін Жоғарғы сотқа бес талап арыз түсті, олардың төртеуі тыңдалды. Жағдайлардың біреуінде сот ЖСДП шағымын ішінара қанағаттандырды және ОСК шешімін ішінара жойды⁵¹.

Сайлау күнінен кейін соттарға 2 қыркүйекке дейін негізінен аудандық соттарға берілген сайлауға қатысы бар 250 арыз келіп түсті⁵². Олардың көпшілігі сайлау комиссияларының жұмысына шағымдар және сайлау нәтижелерін жарамсыз деп тануды талап еткен, сайлау күні болған бұзушылықтар туралы арыздармен байланысты болды. 3 қыркүйектегі жағдай бойынша соттар 140 арызды қабыл алмау немесе басқаша жолмен қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарды. Екеуі де дауыстарды қайта санау туралы талаппен байланысты болған, екі жағдайда сот шағымдарды ішінара қанағаттандырды⁵³.

X. ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫ

1999 жылғы халық санағының деректері бойынша, Қазақстан халқының негізгі бөлігін қазақтар (53,4 пайыз) құрайды. Саны бойынша екінші топ орыстар (30 пайыз) болып табылады⁵⁴. Басқа ұлттардың арасында украиндықтар (3,7 пайыз), өзбектер (2,5 пайыз), немістер (2,4 пайыз), татарлар (1,7 пайыз) және ұйғырлар (1,4 пайыз) құрайды. Халықтың қалған 4,9 пайызын 100-ден астамға жуық саны азырақ этникалық топтар құрайды. Қазақстанның «Саяси партиялар туралы» Заңы (2002 жылғы) этникалық шығу тегіне, жынысына және дінінің негізінде партиялар құруға тыйым салады. Ұлттық азшылықпен байланысты мәселелер кампанияда елеулі рөл атқарған жоқ.

Ұлттық азшылықпен байланысты мәселелерді талқылау үшін басқасымен қоса форум болып қызмет істейтін тағайындалатын орган Қазақстан халық Ассамблеясына (ҚХА), Мәжіліске тоғыз депутатты таңдау тапсырылды. Сессиялар арасындағы үзілісте Ассамблеяның жұмысы үшін жауапты орган ҚХА Кеңесі тоғыз бос орынға бар болғаны тоғыз кандидатты ұсынды. Осы тоғыз кандидат сегіз ұлттық азшылықты және

⁵¹ 13 тамызда ОСК сайлау учаскелеріндегі электрондық дауыс беруге арналған компьютерлер сайлау туралы Заңның 50-5-бабында көзделген уақытқа қарағанда екі сағат ерте қосылатыны туралы шешім қабылдады.

⁵² Ақпарат 2007 жылғы 2 қыркүйектегі жағдайы бойынша Бас Прокуратурадан алынды. СБМ кеткеннен кейін ЖСДП 4 қазандағы жағдайы бойынша 389 талап арыз тапсырғанын хабарлады.

⁵³ Сарысу аудандық сотының 2007 жылғы 19 тамыздағы және Созақ аудандық сотының 22 тамыздағы қаулылары.

⁵⁴ Соңғы ақпарат бойынша этникалық орыстардың үлесі 26 пайызға дейін қысқарған.www.nomad.su/?a=3-200606260127 қараңыз.

қазақ көпшілігін білдірді⁵⁵. Қазақстанның ұлттық азшылдығына жататын сайлаушылар кандидаттарды сайлауға ешбір қатыспады. 20 тамызда ҚХА сессиясы өтті, онда тоғыз кандидат Мәжілістің депутаттары болып ресми түрде таңдалды.

Қалыптасқан пікір бойынша ұлттық азшылдық жалпы алғанда ҚХКП-ны қоспағанда тікелей дауыс беру жолымен сайлауға қатысатын кандидаттардың тізімінде жеткілікті түрде берілмеді. Сайлаудан кейін тікелей дауыс беру барысында үлестірілген барлық 98 орынды алған «Нұр Отан» партиясы, өз тізімінен ұлттық азшылықтар қатарынан 17 депутаттарды (16 орыс және бір немісті) таңдап алды. Азшылықтың ішіндегі ең саны көп этникалық орыстардың Мәжілістегі үлесі 1999 жылдан бастап екі есе қысқарды⁵⁶.

Азшылық АСК-да жалпы алғанда кең түрде ұсынылғанына қарамастан, кейбір аудандарда осы комиссияның құрамында олардың қатысуы жеткіліксіз болды (мысалы, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында). Азшылық олардың тарихи мекен ететін жері болып табылатын аймақтардағы УСК-да кең түрде ұсынылды, мысалы, Алматы облысынадағы ұйғырлар және Оңтүстік Қазақстан облысындағы өзбектер.

ХІ. ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ

Жалпы алғанда үкіметтік және саяси құрылымдардағы, соның ішінде парламенттегі әйелдердің өкілдігі жеткіліксіз. 2007 жылғы тамыздан бастап Үкіметтің 19 мүшесінің арасында екі әйел бар. 2004 жылы тоғыз әйел сайланған еді (11,6 пайыз). 2007 жылы өз тізімдерінде партиялармен ұсынылған 377 кандидаттардың 56-ы (15 пайыздай) әйелдер болды. «Нұр Отанның» партиялық тізімінде 126 кандидаттардың 18-і әйелдер болды. Сайлаудан кейін Парламент депутаты етіп партия 15 әйелді таңдады (15,3 пайыз).

Әйелдердің мемлекеттік әкімшілікте үлесі көбірек және мемлекеттік қызметкерлердің көпшілігін құрайды. Сайлау комиссиясына келетін болсақ, онда ОСК жеті мүшесінің үшеуі әйелдер, АСК(Аймақтық) мүшелерінің арасында 26%-ын және АСК (Аумақтық) мүшелерінің арасында 43 % әйелдер құрайды. Әйелдер УСК көпшілігін құрады және УСК-ның 43 пайызында төрағалық етті.

ХІІ. ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК БАҚЫЛАУШЫЛАР

ЕҚЫҰ шеңберіндегі міндеттемелерге сәйкес сайлауларды өткізу үшін заңнамалық база сайлауды бақылауда халықаралық және жергілікті бақылаушылардың қатысуын көздейді. Сайлау туралы Заңға жақында қабылданған түзетулер (20-2-бап) барлық халықаралық бақылаушыларға сайлауды бақылау үшін тәжірибесі болуы туралы талап қояды. Демократиялық сайлаудағы жұмыс тәжірибесі сайлауды бақылаушылардың қызметіне жағымды әсер етсе де, осы талапты құқықтық ереже ретінде рәсімдеу шектеулі және керек емес шара сияқты.

⁵⁵ ҚХА таңдап алынған депутаттар мынадай этникалық топтардың өкілдері болды: ұйғырлар, украиндықтар, немістер, орыстар, белорустар, қазақтар, өзбектер, балкарлар және корейлер.

⁵⁶ Екінші шақырылымдағы Мәжілісте (1999-2004 жж.), орыстар мүшелердің 30 пайызын құрады. Үшінші шақырылымдағы Мәжілісте (2004-2007 жж.) орыстардың мүшелігі 18 пайызды құрады, ал 2007 жылғы сайлаудан кейін - 15 пайызды құрайды.

Сайлауға бақылау жүргізу құқығы жергілікті партиялық емес топтар бақылаушыларының да (ҮЕҰ-дан) және саяси партиялар бақылаушыларында болуы Заңмен көзделген. Үш Үкіметтік емес ұйым (ҮЕҰ), «Тәуелсіз бақылаушылардың Республикалық желісі» (ТБРЖ), «Сайлауды бақылау бойынша қоғамдық комитет» және «Сайлау және демократия» сайлауға ұзақмерзімдік бақылау жүргізуді жүзеге асырды.

Тәуелсіз бақылаушылардың Республикалық желісі (ТБРЖ) және Қоғамдық комитет сайлау күні бақылаушыларын елеулі мөлшерде қойды. 20 тамызда басылып шыққан өзінің есебінде Тәуелсіз бақылаушылардың Республикалық желісі (ТБРЖ) сайлау учаскелерінің 21 пайызында олардың бақылаушыларының сайлау үдерісінің барлық сатыларына бақылау жүргізу құқығы дауыс беру сатысында шектелді және олардың бақылаушыларының 26 пайызына дауыстарды санауды бақылауға кедергі келтірілгенін атап өтті. Сондай-ақ, Тәуелсіз бақылаушылардың Республикалық желісі (ТБРЖ) УСК көптеген учаскелерінде дауыс беру нәтижелерімен бірге хаттаманың көшірмесін ТБРЖ бақылаушыларына беруден бас тартқанын хабарлады⁵⁷.

СБХМ сайлау учаскелерінде саяси партиялардан бақылаушылардың қатысқанын атап өтті: «Нұр Отан» (учаскелердің 77 пайызында), ЖСДП / «Нағыз Ақ Жол» (53 пайыз), «Ақ Жол» / «Әділет» (27 пайыз) және «Ауыл» (16 пайыз). Басқа партиялардан бақылаушылар дауыс беруге арналған учаскелердің 10-нан кем пайызында байқалды. СБХМ бақылаушылары кейбір партияның бақылаушыларын елеулі қорқытқан бірлі-жарымды жағдайлар туралы хабарлады⁵⁸. ЖСДП және «Ақ Жол» олардың партияларының көптеген бақылаушыларына учаскелік комиссиялармен хаттамалардың ресми көшірмесін беруден бас тартқаны туралы ДИАҚБ бақылаушыларын хабардар етті.

ХІІІ. САЙЛАУ КҮНІ

А. ДАУЫС БЕРУ ҮДЕРІСІ⁵⁹

СБХМ бақылаушылары, олар 182 сайлау учаскелерінде ашылғанға дейін болды. Жалпы алғанда, үдеріс қиындықсыз өтті және дауыс беруге арналған барлық учаскелер дер кезінде ашылды. Солай бола тұрса да, барған учаскелердің 12 пайызында бюллетендер саны саналған жоқ және/немесе ресми құжаттарда көрсетілген жоқ.

Қалыптасқан пікір бойынша аздаған өзгешеліктерін санамағанда УСК дауыс берудің дұрыс рәсімдерін жақсы түсінетінін көрсетті. Жалпы алғанда бақылаушылар дауыс беруге арналған өздері барған учаскелердің 94 пайызында дауыс беру үдерісіне жақсы баға берді. 2005 жылғы (92 пайыз) және 2004 жылғы (87 пайыз) тиісті сандармен салыстырғанда осы көрсеткіштің өскеніне қарамастан, елеулі проблемалар шешілмеген күйінде қалды.

⁵⁷ Кезектен тыс Мәжіліс сайлауына мониторинг туралы ТБРЖ есебі, 20 тамыз 2007 ж.

⁵⁸ Жамбыл облысындағы сайлау учаскелерінің біреуіне тізімге енгізілмеген тұлғалардың дауыс беру себебі бойынша берілген шағымнан кейін, оппозициялық партиялардың бақылаушыларының біреуіне қорқытумен телефоннан бірнеше қоңырау шалынған. Елеулі қорқытудың тағы бір мысалы туралы Қарағанды облысынан жергілікті бақылаушылар хабарлаған.

⁵⁹ Сайлау күні СБХМ 9727 сайлау учаскелерінің 1743 дауыс беру үдерісін бақылады. Барлық пайыздық көрсеткіштер СБХМ өзінің бақылауын жүзеге асырған сайлау учаскелерінің жалпы санынан есептеледі.

Дауыс беру жалпы алғанда тыныш жағдайда өтті. Сирек туындайтын проблемалардың арасында дауыс беру айналасында дауыс беруге арналған учаскелердің маңында үгіттеу іс шаралары жүргізілді және кейбір тұлғалардың дауыс беру кезінде олардың таңдауына әсер ету ұмтылыстары болды⁶⁰. Уәкілетті емес тұлғалардың қатысуы 91 сайлау учаскесінде байқалды (6 пайыз) және 13 жағдайларда осы тұлғалар УСК жұмысына араласты немесе оны басқарды. Ара-тұра дауыс беруге арналған жерлерде үгіт жүргізу материалдары байқалды⁶¹. Кейбір жерлерде бақылаушылар сайлаушыларға сыйлық берілгенін байқады⁶².

Жалпы алғанда, бақылаушылардың барған сайлау учаскелерінде дауыс беру жақсы ұйымдастырылды, ал УСК дауыс беру рәсімін дұрыс қолданды. Солай бола тұрса да, бірқатар проблемалар туралы хабарланды. Учаскелердің 3 пайызға жуығында сайлау бойынша кейбір міндетті материалдар(көбінесе хаттамалар) болған жоқ. Кейбір бақылаушылар УСК бюллетендердің қажетті мөлшерін алмағанын немесе бюллетендер өте аз болғанын хабарлады. Бақылаудың 6 пайызында УСК-да дауыс беруге арналған урналарға тиісті жолмен сүргі қойылмады және УСК 10 пайызында сайлаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарын әрдайым тексере бермеді⁶³.

Дауыс беру сағатында УСК-ның көпшілігі СБХМ бақылаушыларымен толығымен ынтымақтастықта жұмыс істеді, алайда 55 сайлау учаскелерінде (3 пайыз) бақылаушылар рұқсат алу кезінде әр түрлі проблемаларға жолықты, олардың арасында: учаскелік комиссиялардың ақпаратты жарияламауы, сайлаушылардың тізімімен танысуға бақылаушыларға кедергі келтіру және бақылаушыларға олар тиімді бақылау жүргізе алмайтын қашықтықта жұмыс істеу үшін орын бөлу. Екі учаскеде дауыс беруге арналған учаскенің үй-жайына бақылаушылардың кіруіне кедергі жасау үшін дене күші қолданылды.

Пікірін білдіру құпиясы негізінен сақталса да, бақылаушылар өздері барған сайлау учаскелерінің 12 пайызында «топтық» (отбасылық) дауыс беру жағдайлары орын алғанын атап өтті⁶⁴. Кейбір сайлау учаскелерінде ашық дауыс беру жағдайлары туралы хабарланды⁶⁵. Пікір білдіру құпиясын сақтау тасымалданатын урналарды (дауыс беруге арналған учаскелерден тыс дауыс беру) пайдаланумен дауыс беру барысында қиындық туғызды. Тасымалданатын урнаны пайдалана отырып, дауыс беруге бақылау жүргізілген 191 учаскенің 31-інде, дауыс беру құпиясы сақталмады. Сәйкессіздік және рәсімдік қателіктер туралы тасымалданатын урнаны пайдалана отырып, дауыс беруге бақылау жүргізілгеннің 18 пайызында хабарланды⁶⁶.

60 Мысалы, Ақмола облысындағы сайлау учаскелерінің бірінде жергілікті Әкім дауыс берудің алдында Президентті қолдауға сөз сөйледі және сайлаушыларды жауапты таңдау жасауға шақырды. Батыс Қазақстан облысындағы №16 сайлау учаскесінде «Нұр Отан» партиясының бақылаушыларының біреуі кімге дауыс беру керектігін айтып сайлаушыларға жиі нұсқау бергені байқалды.

61 Мысалы, Қарағанды облысының №305 сайлау учаскесінде «Нұр Отанның» плакаттары ілініп қойылды. Алматы облысы Жамбыл ауданының №272 сайлау учаскесінде «Нұр Отанның» плакаттары учаске үйіне кіре беріс жердегі қақпада ілініп тұрды.

62 Мысалы, Астанадағы №157 сайлау учаскесінде 70 астан асқан адамдарға және әрбір екі жүзінші сайлаушыларға үй шаруашылығы үшін бір нәрсе, мысалы микротолқынды пеш сыйлыққа берілді. Басқа учаскелерде сыйлықтарды алғаш рет дауыс беріп тұрған сайлаушыларға сыйлады.

63 Сайлаушылардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру ауылды жерде елеулірек проблема болды, мұнда қалалардағы 4 пайызбен салыстырғанда, УСК-ға келгендердің 20 пайызы оны жүйелі түрде жасамады.

64 Дауыс беруге арналған кабинаға бір адамнан көп кіретін болса, дауыс беру топты болып саналады.

65 мысалы, Ақмола облысы Қорғалжын ауданының №605 сайлау учаскесінде үш сайлаушы УСК алдында ашық дауыс берді. Солтүстік Қазақстан облысындағы №738 учаскесінде сайлаушылар УСК жинақталатын дауыс беруге арналған кабинадан бүктелмеген бюллетенмен шықты.

66 Ақтөбе облысындағы №52 сайлау учаскесінде УСК оның мүшелері тасымалдаушы урнаны пайдалана отырып, дауыс беру туралы өтінішпен болжамды түрде жолданған 251 сайлаушыға барды. Солтүстік Қазақстан облысындағы №403 сайлау учаскесінде УСК-ның бір мүшесі бір сайлаушының атынан дауыс

Сайлау күні ішінде ОСК хабарланған келу туралы деректер бойынша, сағат 10:00-нан 20:00 дейін тіркелген сайлаушылардың саны тізімге қосымша енгізілгендердің мөлшері есебінен 32000 жуық адамға дейін өсті⁶⁷. Дауыс беруге арналған учаскелердің 3 пайызында оларға бюллетень берілгенін растау үшін тізімге сайлаушылардың барлығы түгел қол қойған жоқ. Сайлау учаскелерінің 14 пайыздарында бақылаушылар сайлаушылар тізіміндегі ұқсас қойылған қолдарға назар аударды⁶⁸. Заңмен «басқа тұлға атынан» (бір тұлғаның екінші тұлға үшін дауыс беруі) дауыс беруі көзделмегенімен, СБХМ сайлау учаскелерінің 4 пайызынан мұны бақылады.

Бір тұлғаның көп рет дауыс бергені, не болмаса сайлаушылар бірнеше бюллетеньді бір ғана сайлау учаскесінде салғаны, не болмаса бір ғана сайлаушы әр түрлі учаскеде дауыс бергені 25 тікелей бақылауда атап өтілді⁶⁹. Қарағандыда ұйымдастырылған көп реттік дауыс беру жағдайы тіркелген⁷⁰. 16 сайлау учаскелерінде бақылаушылар урнаға бюллетендерді топтастырып салу белгілері туралы хабарлады⁷¹ (сондай-ақ төмендегі «Электронды дауыс» беру бөлімін қараңыз).

В. ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ

Электронды дауыс беру жүйесімен 9727 сайлау учаскелерінің 1512-інде пайдалануға болар еді. Осы учаскелердегі тізімге бүкіл ректораттың шамамен 33 пайызы енгізілген. Осы учаскелерде сайлаушылардың дауыс беру үшін қағаз және электронды бюллетень арасындағы таңдау мүмкіндігі болды. Сайлау күні жүйе күтпеген проблемалардың туындауынсыз орнатылды. Электрондық дауыс беруге арналған терминалдардың барлығына жуығы 07:30 жұмыс істеп тұрды, алайда олардың 87-і

берді және тағы бір жағдайда сайлаушыға қалай дауыс беру керектігіне нұсқау берген. Ең аз дегенде алты бақылаған жағдайларда тасымалдаушы урнаны пайдалана отырып дауыс беру, заңмен бұл көзделгендей екі мүшесімен емес, тек ОСК-ның бір ғана мүшесімен жүргізілді.

67 Мысалы, Астанадағы №183 сайлау учаскесінде дауыс берген сайлаушылардың шамамен жартысы тізімге қосымша енгізілді. Қызылордадағы №248 учаскесінде сайлаушылар тізіміне қосымша 100 адам кіргізілді, Оңтүстік Қазақстан облысындағы №237 учаскесінде тізімге қосымша 50-ден астам есім енгізілген, ал Шығыс Қазақстандағы №15 учаскеде тізімге 150 адам қосылған. Қарағанды қаласындағы №19 учаскеде шамамен 60 адам түске дейін сайлаушылар тізіміне қосымша енгізілген және тағы 70 адам учаскеден тыс дауыс беруді ұйымдастыру өтінішімен жолданды.

68 Ұқсас болып көрінген қолдар сериялары қаламен салыстырғанда (7 пайыз) ауылды жерлерде жиірек байқалды (барған дауыс беруге арналған учаскелердің 27 пайызы). Басқа тұлғалардан дауыс беру жиілігі (6 пайыз) және бюллетендерді урнаға топтастырып тастау белгілерін анықтау да (2 пайыз) ауылдың аудандарында жоғары болды.

69 Барлық сайлаушылар Мәжіліс сайлауына да, мәслихаттарға жергілікті сайлауға да бюллетендер алды. Аймақтардың көпшілігінде үш сайлау болды және сондықтан 3 бюллетеньнен (бірақтар жағдайда 2 бюллетеньнен) берілді. Осы есепте бір сайлауда бірнеше бюллетендермен дауыс беру жағдайы ескеріледі және назарға алынады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысындағы №178 сайлау учаскесінде бақылаушылар бір сайлаушының бірнеше бюллетеньді (көз мөлшерімен үш бюллетеньнен төрт пачканы) урнаға салғанын байқады, ал тағы бір сайлаушы 3 бюллетеннен 2 пачканы салды. №160 учаскеде тізімге енгізілмеген тұлғаларға әрқайсысы үш бюллетеньнен тұратын үш пачкадан берілген, ал сайлаушылардың біреуі екі учаскеде дауыс бергені байқалған (№№737 және 757 сайлау учаскелері).

70 Бақылаушылар бір ғана тұлғалардың үлкен тобы автобуспен №№556 және 554 сайлау учаскелеріне келгенін көрген. Бақылаушылар №556 сайлау учаскесіне қайта оралған, онда оларға сайлаушылардың тізіміне осы топтың аттары қосымша енгізілгенін хабарлады. Осы учаскеде тағы бір автобус байқалған, ол жерден топты №578 учаскеге апарған, мұнда барлық топ автобустан шыққан. №553 сайлау учаскесінде бақылаушылар «Нұр Отанның» рәмізі бар автобусты көрген, онда сайлаушылардың тағы бір тобы болды.

71 Бюллетендерді топтастырып тастау деп белгі салынған бюллетендерді пачкалармен дауыс беруге арналған урнаға заңсыз толтыру айтылады. Мұнда бақылаған кезде, сондай-ақ бірнеше сайлауларды бір мезгілде өткізу ескеріледі. Атырауда (№160 сайлау учаскесінде) дауыс санау үшін урнаны ашқан кезде онда бірге қабатталған бюллетендердің пачкасы табылған. Бұл, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысындағы №218 сайлау учаскесінде байқалды. Алматыда №№359, 374, 382 және 811 учаскелерінде СБХМ бақылаушылары урнада бірге қабатталған бюллетендердің бумасын байқады. Алматы облысы Ұйғыр ауданындағы №811 сайлау учаскесінде бақылаушылар, сондай-ақ бірге қабатталған бюллетендердің көп мөлшерін көрді.

белгіленген мерзімде (07:00) әлі жұмыс істеген жоқ. Сайлау күні электронды дауыс беру жүйесімен бірлі-жарымды ғана проблемалар байқалды. УСК де, сайлаушылар да электронды дауыс беру рәсімін тиісті түрде түсінгенін көрсетті. СБХМ барған сегіз учаскеде сайлаушыларға не еркін электронды дауыс беру жүйесін пайдалану немесе пайдаланбауды таңдау құқығы берілмеді, не болмаса электронды дауыс беру жүйесін пайдалану үшін оларға қысым көрсетілді⁷².

Жалпы алғанда, сайлау учаскелеріндегі электронды дауыс беру жүйесі тез арада жиналған және 15-тен басқа барлық учаскелер өздерінің электрондық хаттамаларына қол қойып, учаскелер жабылған уақытынан бастап 45 минут ішінде, ОСК-ға табыстады. Солай бола тұрса да, электрондық дауыс беру мүмкіндігі бар сайлау учаскелердің 35 пайызында электрондық дауыс беру нәтижелерінің хаттамалары жалпыға бірдей танысу үшін ілініп қойылмады, ал учаскелердің 39 пайызында бақылау кодтарын атаумен хаттамалар ілінбеді, оның өзі бақылау кодын пайдалану мақсатын жоққа шығарды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-мен алынған деректер бойынша электронды дауыс беру жүйесі электронды бюллетеньмен дауыс берген 123 932 сайлаушыны тіркеді. ОСК-ның ақпараты бойынша сайлауға барлығы 6 082 430 сайлаушы қатысты. Сонымен, электронды дауыс беру жолымен барлық дауыстардың 2 пайызы берілді. Осыдан шығатыны, электронды дауыс беруді пайдалану мүмкіндігі бар сайлаушылардың 6 пайызы оны пайдаланды.

Учаскелер жабылғаннан кейін және электронды дауыс беруге арналған барлық пункттер ОСК-ға өздерінің электронды дауыс беру нәтижелерін жариялағаннан кейін, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ сарапшыларына электронды дауыс берудің нәтижелері бойынша деректер базасының электронды көшірмесі ұсынылды. Электронды дауыс берудің барлық пункттері бойынша деректерді сұрауға қарамастан, СБМ ақпаратты 1512 учаскенің тек 819-ы бойынша ғана алды. Алынған сайлаушылардың электронды тізімдерін зерттеу көптеген көп дүркін дауыс беру жағдайларын анықтады – 585 сайлаушылардың сәйкестендірілген нөмірлері 1 324 бюллетень алу үшін пайдаланылды, олардың ішінде 441 қайталап дауыс беру Оңтүстік Қазақстан облысындағы дауыс беруге арналған барлығы 10 учаскеде берілді.

С. Дауыстарды санау үдерісі

Дауыс беру сатысын бақылаушылардың жалпы жағымды бағалауынан дауыстарды санау үдерісінің сипаттамасы елеулі өзгешеленеді, бақылаушылардың 39 пайызында «нашар» және «өте нашар» бағалар алынған. Елеулі рәсімдік қателер және жіберілген кемшіліктер туралы сайлау учаскелерінің 36 пайызынан хабарланды, ал олардың 25 пайызында елеулі сәйкессіздік байқалды. Дауыстарды санау үдерісі 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 параграфын сақтаусыз өтті⁷³.

Бақылаушылар бақылау жүргізілген сайлау учаскелерінің 27 пайызында дауыс санаудың ашықтығына жағымсыз баға берді. Дауыс беруге арналған учаскелердің дауыс санау үшін бақылау жүргізілген 14 пайызында⁷⁴, оларға өз қызметін жүзеге

⁷² Мысалы, Солтүстік Қазақстанның №757 сайлау учаскесінде.

⁷³ 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатының 7.4 параграфында қатысушы-мемлекеттер «...дауыстарды санау және олары жариялау әділ болуын қамтамасыз етеді»деп көзделген.

⁷⁴ Қызылорда облысындағы №119 СУ УСК дауыс беруге арналған учаскеден дауыс санау үдерісі аяқталғанға дейін бақылаушылардың кетуін сұрады.

асыруына кедергілер келтірілді, ал сайлау учаскелерінің 20 пайызында, СБХМ бақылаушыларының хабарлауы бойынша УСК бақылаушыларының тиісті жолмен дауыс санау үдерісін көру үшін жақын жерде орналасуына кедергі келтірді. Бақылау жүргізілетін сайлау учаскелерінің 76 пайызында, белгісі бар бюллетеньдер бақылаушыларға көрсетілмеді, ал учаскелердің 78 пайызында сайлаушылардың таңдауы (бюллетеньдердегі таңдау/белгілеріне сәйкес) дауыстап жарияланбады⁷⁵. Осының салдарынан, осы учаскедегі дауыс санау үдерісін бақылау бақылаушылар үшін қиынға соқты.

СБХМ дауыстарды санауға бақылау жүргізген, дауыс беруге арналған 23 учаскелерге (13 пайызда) полиция қызметкерлері қатысты. Басқа уәкілетті емес тұлғалар 13 учаскелерге қатысты (8 пайыз) және дауыс беруге арналған 5 учаскелерде олар УСК жұмысына басшылық етті немесе оған араласты⁷⁶. Бақылаушылар 11 учаскелерде (6 пайыз) шиеленіскен жағдайды және 6 учаскеде УСК мүшелерінің және партия бақылаушыларының қорқыту жағдайларын атап өтті.

УСК жиі дауыстарды санаудың дұрыс рәсімдерін елемеді, мысалы, сайлаушылардың жалпы саны дауыс беруге арналған учаскелердің барғандарының 16 пайызында урнаны ашқанға дейін хаттамаға енгізілмеді, учаскелердің 17 пайызында бюллетеньдер алған сайлаушылардың саны хаттамаға енгізілмеді және учаскелердің 14 пайыздарында пайдаланылмаған бюллетеньдер өшірілмеді және саналмады⁷⁷.

Сайлау учаскелерінің 7-уінде бюллетеньдер партиялар бойынша әр түрлі бумаларға реттелмеді⁷⁸. Бірқатар жағдайларда бақылаушылар басқа партияларға берілген дауыстарды «Нұр Отан» үшін санағанын байқады⁷⁹. Алматы облысының Жамбыл ауданындағы №267 СУ бюллетеньдер саналмады, жәй бір үйіндіге жиналып қойылды да басқа партияларға берілген бір-екі бюллетеньді есептемегенде басқалары «Нұр Отанға» жазылды. СБХМ бақылаған дауыстарда санаудың 20 пайызында, партияның бақылаушылары немесе басқа тұлғалар дауыстарды қайта санауды талап етті және бақылаудың 4 пайызында ресми шағымдар берілді. Дауыстардың саналуын бақылау барысындағы 9 пайызында СБХМ бақылаушылары УСК сайлаушылардың тізіміндегі

75 Сайлау туралы Заңның 43.1- бабымен талап етіледі.

76 Мысалы, Қызылорданың №256 СУ әкім өзі жеке АСК-ға сайлау бойынша материалдарды апарса да, бақылаушыларды «үдеріске араласты» деп айыптады. Солтүстік Қазақстан облысында №298 СУ-де Әкімнің нұсқауымен жұмыс істейтін белгісіз тұлға қатысты. Қарағанды облысының Ұлытау ауданының бір учаскесінде комиссия төрағасы жергілікті әкімнің өкімімен учаскенің үй-жайынан шығарып жіберілді.

77 Алматы облысы Ұйғыр ауданының №811 СУ бақылаушылар бірге қатталған бюллетеньдердің көп мөлшерін көрді («Дауыс беру» бөлімін қараңыз), 1400 сайлаушы және 100-пайыздық келу тіркелді. Дауыс санау кезінде бақылаушылар жергілікті УСК төрағасы дауыстарды санаған кезде бюллетеньдердің екінші жағына қол қойды (бюллетеньде қол қою оған жарамдылық беру үшін қажет; ол сайлаушылар бюллетеньдерді алған кезде жүргізілуге тиіс). СБХМ алынған хаттамаға сәйкес осы учаскеде «Нұр Отан» партиясы 1 049 дауыс алды, ал ЖСДП және «Ақ Жол» жарамсыз деп танылған 118 бюллетень болғанда әрбірі 85 дауыстан алды. Солай бола тұрса да, ОСК орналастырған нәтижелеріне сәйкес, «Нұр Отан» 1 354 дауыс алды, ал қалған екеуі бар болғаны үш жарамсыз бюллетень болған кезде әрқайсысы бес дауыстан алды.

78 Ақтөбедегі №66 СУ СБХМ бақылаушылары бюллетеньдер әрбір партия үшін берілген дауысқа сәйкес үйінді бойынша үлестірілгеніне қарамастан, әрбір партия үшін дауыстар санын УСК санамады, ал хаттамаға енгізілген сандар нақты берілген дауыстарға негізделмеді.

79 Мысалы, Атыраудағы №160 СУ бақылаушылар басқа партияларды қолдауға бюллетеньдерді «Нұр Отан» үшін бюллетеньдер үйіндісіне әдейілеп ауыстырып қойғанын байқады. Ақтөбедегі №166 СУ басқа партия үшін берілген дауыстар, «Нұр Отан» партиясына жазылды. Жамбыл облысындағы №62 СУ 62 жарамсыз бюллетеньдер «Нұр Отанның» жалпы нәтижесіне қосылды. Қызылордадағы №256 СУ басқа партиялар үшін белгілерімен 20-ға жуық бюллетеньдер және бірнеше жарамсыз бюллетеньдер «Нұр Отан» үшін дауыс ретінде саналды. Қарағандыдағы №158 СУ бақылаушылар «Ақ Жол» үшін 10 дауыс «Нұр Отан» үшін берілген дауыс ретінде саналды.

жазбалармен, нәтижелермен немесе хаттамалармен айла-амалдарды жүзеге асырғанын көрді⁸⁰.

Кейбір бақылаушылар дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға енгізілген сандардың, оның соңғы нұсқасы дайындалғанша бірнеше рет ауысқанын хабарлады, ал бірқатар жағдайларда санау арқылы айқындалған дауыс саны, хаттамаға айқын енгізілмеді. Көптеген бақылаушылар санау салыстырмалы түрде тез аяқталса да, хаттаманы жасау созылғанын атады. Егер бірқатар жағдайларда УСК дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы жасауды әдейілеп кідіртті деген пікір қалыптасса, онда дауыс беруге арналған бақыланған учаскелердің 32 пайызында УСК дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы жасаған кезде қиындық көрді, ал бақылаудың 25 пайызында хаттамалар дұрыс толтырылмады⁸¹.

Кейде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар құпия толтырылды⁸². Дауыс беруге арналған учаскелердің 7 пайызында хаттаманың көшірмесі көшірмесін алуға құқығы барларға, соның ішінде СБХМ бақылаушыларына берілмеді. Дауыстарды санауды бақылаудың 38 пайызында дауыс беру нәтижелері туралы хаттама заң талап еткендей барлығы танысуы үшін ілінбеді. Сайлаудан кейін екі күн бойы сайлау учаскелерін таңдап тексеру, заңнама талап ететіндігіне қарамастан, барлығы танысу үшін дауыс беру нәтижелері бар хаттаманы сайлау учаскелерінің аз мөлшері ілгенін көрсетті.

200 адамнан астам (158 учаскелерде) сайлаушылары бар сайлау учаскелерінде дауыс санауды бақылаушылар арасында 34 учаскелер бойынша келу 95 пайыздан асты, ал 13 сайлау учаскелері бойынша 100 пайызды құрады немесе асты⁸³.

D. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАУ

Дауыс санауда өзінің бақылауын аяқтағаннан кейін СБХМ бақылаушыларының 105 тобы сайлау бойынша материалдардың табысталуын бақылау үшін және нәтижелерді жинақтау үдерісін бағалау үшін тиісті Аумақтық Сайлау Комиссиясына кетті. Бақылаудың 16 пайызында УСК хаттамаларды тікелей АСК-ға бермеді⁸⁴. Әдетте,

80 Мысалы, Маңғыстау облысындағы №45 сайлау учаскесінде СБХМ бақылаушылары мынадай жолмен дауыстарды нақты санау нәтижелерін жазып алды: ЖСДП үшін 19 дауыс, «Нұр Отан» үшін - 472 және «Ақ Жол» үшін – 128 дауыс, алайда хаттамаға мынадай нәтижелер енгізілді: ЖСДП үшін 19 дауыс, «Нұр Отан» - 578 және «Ақ Жол» - 72. №70 СУ СБХМ бақылаушылары бастапқыда мынаны хабарлады, «Нұр Отан» үшін 947 дауыс берілді, алайда кейінірек оларға басылған көшірмесі берілді, онда «Нұр Отан» үшін 208 дауыс басқа партиялардың есебінен көп болды. Қарағандыда №438 СУ СБХМ бақылаушылары ОСК-ның бір мүшесі тізімге қойылған қолдарды, болжау бойынша олардың мөлшері дауыс беруге арналған урнадағы бюллетендермен бірдей болуы үшін қосқанын көрді. Бұл дауыс беруге арналған бірнеше басқа учаскелерде де байқалды. Жамбыл облысының №140 СУ осы УСК бойынша дауыс берген сайлаушылардың саны, урнадағы бюллетендердің мөлшерінен 409 асып түсті. УСК қосымша 369 дауысты «Нұр Отан» партиясына беруге және жарамсыз бюллетендерді 40 данаға арттыруға шешім қабылдады.

81 6 сайлау учаскелерінде хаттамалар ішінара ғана жасалды. Басқа мысалдар ретінде Атыраудағы №160 СУ келтіруге болады, мұнда дауыстарды санау нәтижелері ресми түрде хаттамаға енгізілмеді және жарияланбады. Батыс Қазақстан облысындағы №460 СУ хаттама қарындашпен жазылды. Солтүстік Қазақстандағы №298 СУ рәсімдердің бірқатары жүзеге асырылмады, соның ішінде хаттаманы жазу да болды. Алматы облысындағы №861 СУ УСК «қате жіберіп алмас үшін» хаттаманы толтырмады.

82 Мысалы, Батыс Қазақстан облысындағы №545 СУ және Ақмола облысының Зеренді ауданының №517 СУ-нде хаттамалар бақылаушыларға кіруге рұқсат етілмеген УСК-ның жеке бөлмесінде жасалды.

83 Мысалыға, Қостанай облысындағы №107 СУ 1980 тіркелген сайлаушылардың 1979-ы дауыс берді деп жарияланды, Алматы облысындағы №811 СУ 1400 сайлаушылардың барлық 1400-і дауыс берді. Атырау облысындағы №160 СУ-гі 1078 тіркелгендердің 1068-і дауыс берді. СУ 729 сайлаушылар тіркелген, ал 748 дауыс берген. Осы сандар сайлау учаскелеріндегі дауыстарды санауды бақылау барысында жиналған деректерге негізделген. Бірқатар жағдайда ОСК жарияланған деректер біршама өзгешеленеді.

84 Мысалы бақылаушылардың хабарлауы бойынша Атырау облысы Мақат ауданында ОСК көпшілігі жақын жердегі әкімшілікке хаттамаларды тексеруге және түзетуге барған. Бақылаушылар кеткен кезде таңертеңгі

сайлау бойынша материалдарды УСК толық құрамы емес (бақылаудың 73 пайызында), УСК екі немесе үш қана мүшелері алып жүрді. Бұл проблемаларға әкелуі мүмкін еді, себебі, бақылаушылар хабарлағандай, көптеген жағдайларда хаттамалар АСК жайында жасалды немесе өзгертілді.

Сайлау бойынша материалдардың табысталуын бақылаған көптеген бақылаушылар аумақтық комиссияның нәтижелерді өңдеуін бақылау үшін қалды. Одан басқа, СБХМ бақылаушылардың 40 тобын тағайындады, олар нәтижелерді жинақтау үдерісін толық бақылау үшін сайлау күні кеш бойы АСК жайында қалды. СБХМ 205 АСК-ның 123-нің жұмысын бақылады.

Бақылаушылар АСК жұмысын бақылаудың 84 пайызында нәтижелерді жинақтау үдерісін «өте жақсы» мен «жақсы» және 16 пайызында «нашар» және «өте нашар» деп бағалады. Негізгі проблемалардың бірі ашықтық дәрежесі болды. Бақылаушылардың қорытындыны шығару үдерісіндегі барлық ақпаратқа рұқсат алуға құқығы бар екені туралы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-ді бұрынырақ ОСК төрағасы хабардар еткеніне қарамастан, осыны бірқатар АСК түсінбеді. СБХМ бақылаушыларының АСК жұмысына қатысқан кездегі 10 пайызында бақылауды жүзеге асыруды шектеді немесе оған кедергі келтірді; бақылаушылардың 22 тобына тікелей УСК хаттамасын зерттеуге рұқсат етілмеді⁸⁵, ал 35 топ қандай сандар жазылып жатқанын жақын жерден көру үшін деректердің енгізілуін бақылай алмады.

АСК қатысудың 92 пайызында УСК барлық хаттамалары АСК-мен, яғни олар дұрыс жасалып, толтырылғанына куәлану үшін тексерілді. Барлық хаттамалар СБХМ бақылаушыларының тобы хаттамаларды зерттей алған 99 АСК-ның жайларының тек 60-да ғана дұрыс жасалып, толтырылды⁸⁶.

Егер қатысқан АСК-ның 69 пайызында УСК-ның барлық хаттамалары бойынша деректерді салыстырудың сәті түссе, онда 9 пайызында ОСК-ның бір де бір хаттамасы бойынша қиыстырудың сәті түспеді. СБХМ бақылаушыларының көпшілігі АСК хаттамаларға өзгерту енгізу туралы УСК-на нұсқау беріп отырғанын хабарлады, себебі сандар сәйкес келмегендіктен болуы керек⁸⁷. Кейбір АСК-да бұл ретсіз ортаның пайда болуына әкелді.

сағат 3:45, АСК нәтижелерді әлі жинақтауды бастаған да жоқ. Батыс Қазақстан облысындағы СУ-де УСК төрағасы АСК жайындағы бақылаушыларға хаттаманы Өкімнің кабинетіне қалдырып кеткенін мәлімдеді.

⁸⁵ Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының АСК бақылаушыларға, олардың УСК хаттамаларымен танысуға заң құқық бермейді деп хабарлады, ал тек материалдарды табыстау кезінде қатысуға ғана жағдай жасайды деді. Ақтөбеде СБХМ бақылаушыларына АСК жайына өтуіне рұқсат етілмеді.

⁸⁶ Есептердің 8 пайызында көрсетілген хаттамалардың бірде біреуі дұрыс жасалмағандығы туралы хабарланды; 11 пайызында –«кейбір» хаттамалар жасалған, және 21 пайызында – УСК хаттамалары «негізінен» дұрыс жасалған және толтырылған. Алматы облысында (Ескелді ауданы) бақылаушылар УСК-ның көптеген хаттамаларының қарындашпен толтырылып, қаламмен түзетілгенін атап өтті. Өзгертулер қаламмен де толтырылған кейбір хаттамаларға енгізілген. УСК қарындашпен толтырылған хаттамалары да Сарыарқа АСК (Астана) және Қызылорда АСК-да байқалды.

⁸⁷ Мысалы, Жамбыл облысында (Тараз АСК) УСК хаттамаларының басым көпшілігі не учаскелік, не болмаса аумақтық комиссияларымен АСК жайында өзгертулер енгізілді. СБХМ УСК-ның бірқатар хаттамаларында партиялар бойынша нәтижелер болмағанына назар аударды. АСК жайында бұл жағдайда бірнеше уәкілетті емес тұлғалар болды және қатысты. Сарыарқа АСК (Астана) жайында бақылаушылар үш УСК өкілдерінің материалдарды табыстауда өз кезектерін күте отырып, хаттаманы толтырғанын көрді, ал №37СУ бойынша сандар сәйкес келмегенде, 187 пайдаланбаған бюллетеньдер сандар сәйкес келуі үшін «Нұр Отан» партиясының жалпы нәтижесіне қосылды. УСК хаттамасын толтыру немесе өзгертулер енгізу туралы сондай-ақ, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда, Павлодар, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарының бақылаушылары да хабарлады.

СБХМ бақылаушыларының сегіз тобы олармен дауыс санау бақылауы жүргізілген санау учаскелері бойынша нәтижелері және АСК жинақтаған нәтижелер арасындағы алшақтық туралы хабарлады⁸⁸. 12 АСК сайлау бойынша материалдардың қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етпеді.

Е. САЙЛАУДАН KEЙІНГІ БАҚЫЛАУ

19-нан 22 тамызға дейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ УСК бойынша нәтижелерді жинақтауды бақылауын жалғастырды. Кейбір АСК сайлаудың нәтижелері туралы деректерді бергілері келмеді⁸⁹.

Алматы (Астана қаласы) және Целиноград АСК (Ақмола облысы) АСК-мен алынған дауыс беру нәтижелері туралы УСК хаттамаларының үлкен мөлшері, бір ғана тұлғамен толтырылғанындай болды. Алматы АСК-сында СБМ екі белгісіз тұлғалардың УСК-ның бос хаттамаларын толтырғанын бақылады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ Қаратауда (Жамбыл облысы) бес сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалар көрсетілді. АСК жиынтық кестесінде барлық бес жағдайда да УСК хаттамаларымен салыстырғанда «Нұр Отан» үшін дауыстың көп мөлшері болды, ал кейбір жағдайларда ЖСДП үшін дауыстардың аз мөлшері көрінді.⁹⁰. Осыған ұқсас жағдай Қостанай облысындағы Рудныйда байқалды (төменде қараңыз).

XIV. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЖАРИЯЛАУ

2 тамызда ОСК сайлау күнінен кейін бес күннен кешіктірмей, аумақтық комиссияны УСК бойынша барлық нәтижелерді атай отырып, жиынтық кестесін комиссияның үй-жайына іліп қоюды міндеттейтін өкім шығарды. Аймақтық СК сондай-ақ, бес күн ішінде Аумақтық СК деңгейінде барлық нәтижелерді іліп қоюға міндетті болды. Одан басқа, ОСК өзінің веб-сайтына барлық сайлау учаскелері бойынша Мәжіліске сайлаудың нәтижелерін өзінің орналастыру ниеті туралы жариялады.

Сайлау күні кешкісін ОСК бейресми деректер бойынша жалпы алғанда 8 870 146 адамнан (64,56 пайыз) тұратын 5 726 544 сайлаушының келгенін жариялады. Аймақтар бойынша келу көрсеткіштерінде елеулі өзгешеліктер байқалды. Алматы облысындағы дауыс берген 90 пайыздармен салыстырғанда Алматы қаласында сайлауға тіркелген сайлаушылардың тек 22,5 пайызы ғана қатысты. Төрт облыс бойынша келудің жарияланған соңғы саны дауыс беру аяқталғаннан кейін бірнеше сағаттан соң ОСК-мен

⁸⁸ Жылыой АСК (Атырау облысы) АСК-ға УСК ұсынған хаттама сайлау учаскесі жабылған кезде СБХМ-мен алынған көшірмемен сәйкес келмеді. АСК бақылаушылардың хаттаманы беруін сұрады және бақылаушылардың хаттаманы алуға құқықтары жоқ деп мәлімдеді.

⁸⁹ Мысалы, 20 тамызда Алматыда Алматы Аумақтық СК төрағасы барлық Аймақтық СК-ға ешкімді, соның ішінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ бақылаушыларын қабылдау туралы нұсқау берді. 21 тамызда Қостанай және Алтынсарин Аймақтық СК-лары (Қостанай облысы) бақылаушыларға нәтижелер туралы ақпараттың барлығы Аумақтық СК-ға берілді деп мәлімдей отырып, және АСК-да ешбір ақпарат қалмады деп, хабарлаудан бас тартты. Алматы (Астана) АСК-ға, СБМ бақылаушылары УСК бойынша дауыс берудің жиынтық көшірмелерін алу туралы өтінішпен бұрынырақ жолданды, алайда олар оны алуға келгенде, төраға мен хатшы ешбір деректерді қалдырмай кетіп қалған. СБМ сондай-ақ Жамбыл және Павлодар облыстарында және Астанада сайлаудың нәтижелерін алуда қиындықтарға кездесті.

⁹⁰ Мысалыға, АСК жиынтық кестесіне сәйкес «Нұр Отан» партиясы №414 СУ 1648 дауыс алды, ал УСК хаттамасының деректері бойынша ол 1257 дауыс жинады. Жиынтық кестесінен көретініміз, ЖСДП № 411 СУ 38 дауыс алды, ал УСК хаттамасына сәйкес партия 97 дауыс жинады.

қайта қаралды⁹¹. 19 тамызда таңертең ОСК жалпы ұлттық және аймақтық деңгейде партияның әрқайсысы үшін алдын ала дауыс санын және пайызын жариялады.

22 тамызда ОСК ресми нәтижелер жарияланған қаулыны бекітті (1-Қосымшаны қараңыз). Қаулы сайлаумен байланысты барлық шағымдар және арыздар бойынша қарастырылып, шешім шығару аяқталғанға дейін қабылданды.

ОСК өзінің қаулысында сайлау туралы Заңның 44.5-бабына сәйкес талап етілетін дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны және сайлау учаскесінен тысқары дауыс берген азаматтардың саны туралы ақпаратты көрсетпеді. Одан басқа, заңнамада тиісті талаптар болмаса да, ОСК партиялардың әрқайсысының «электронды» дауыстарының үлесі туралы ақпаратты жарияламады. Осы факторлар нәтижелерді жариялаған кезде ашықтық дәрежесін төмендетті. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны туралы ақпарат берілген жоқ. Жарияланған нәтижелерге сәйкес жарамды деп танылған бюллетеньдер бойынша барлық партияларды бірге алғанда (5 935 625) алынған дауыстардың жалпы саны, соңынан жарамсыз деп танылған бюллетеньдер кіретін, сайлау күні кешкі жағдайы бойынша сайлаушылардың (бару) жалпы санының алдын ала көрсеткіші 200 000-нан астамға артық болды⁹².

Мақұлдауға тұратын қадамды қабылдай отырып, 28 тамызда ОСК өзінің веб-сайтында барлық УСК бойынша нәтижелерді орналастыра бастады. Бұл саяси партиялар мен бақылаушыларға сайлау үшін кешкісін сайлау учаскелерінен алынған хаттамамен нәтижелерді саылыстыруға жағдай жасай отырып, ашықтық дәрежесін арттырады. Солай бола тұрса да, ОСК-ға деректерді орналастыру үдерісін аяқтау үшін 27 қыркүйекке дейін бір ай уақыт талап етілді. Осындай кідіріс неден туындағаны түсініксіз күйінде қалды. Деректерді жариялаудағы кідіріс оларды заңды шағымдарды негіздеуге пайдалануға болмайтынына әкелді, себебі олар үшін табыстау мерзімі бітіп қалған. Орналастырылған деректердің арасында, сондай-ақ қағаз және электронды бюллетеньдер берілген сайлаушылардың саны және дауыс беру үшін учаскелерден тыс берілген дауыстардың саны, УСК-да тіркелген сайлаушылардың санын қоса алғанда, УСК хаттамасында бар, маңызды ақпарат болмады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ өзі дауыс санауды бақылауды жүргізген сайлау учаскелері бойынша УСК хаттамаларын ОСК веб-сайтында орналастырылған деректермен салыстырды. Салыстыру ОСК веб-сайтында орналастырылған деректер 15 жағдайда сайлау күні кешкісін СБХМ бақылаушыларымен алынған дауыс беру нәтижелері туралы УСК хаттамаларындағы сандардан елеулі өзгешеленгенін көрсетті. Біреуінен басқа барлық жағдайларда өзгерту салдарынан «Нұр Отан» партиясын қолдауға дауыс саны – кейде бірнеше жүздеген дауысқа дейін өсті – және басқа партияларға, әсіресе ЖСДП-ға берілген дауыс саны қысқарды. Осы деректерді салыстыратын кесте, осы есепке 2-Қосымша ретінде келтірілді. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның түсіндірмені алу туралы өтінімге ОСК жауап ретінде ол АСК берген нәтижелер туралы деректерді орналастырғанын және ОСК анықталған сәйкессіздіктерді қарап шығатынын хабарлады.

91 Маңғыстау облысында бастапқыда хабарланған келу саны 8,8 пайызға өсті, Батыс Қазақстан облысында –7,7 пайызға, Алматы облысында –4 пайызға және Атырау облысында –2,4 пайызға өсті. Қалған 12 облыста келу өзгеріссіз қалды.

92 Қарағанды облысында айырмашылық 50 000-нан астам адамды құрады, Оңтүстік Қазақстан облысында – 49000-ға жуық адам.

СБХМ-ға АСК жұмысын бақылау нәтижесінде алынған УСК, сондай-ақ саяси партиялардан хаттамалардың көшірмесі түсті. ОСК веб-сайтындағы деректер де осы хаттамалардың деректеріндегі бірқатар елеулі алшақтықтарды анықтайды, әсіресе бұл Маңғыстау облысында байқалды. Көпшілік жағдайларда «Нұр Отан» партиясын қолдауға дауыстар саны елеулі артты, ал ЖСДП және «Ақ Жол» партиялары үшін дауыс саны елеулі азайды⁹³. Салыстырмалы деректер 3-Қосымшада келтірілген.

ОСК веб-сайтында орналастырылған деректерді талдау, сондай-ақ жүздеген сайлау учаскелерінде «Нұр Отан» партиясы жарамды деп танылған бюллетеньдер бойынша дауыстардың бәрін алғанын, соның ішінде дауыс беруге арналған 242 учаскелердің әрбіреуінде 200-ден астам сайлаушылар дауыс бергенін көрсетті⁹⁴. Осы учаскелердің 19-ның әрқайсысында 1 000-нан астам дауыс берілді⁹⁵. Осы сайлау учаскелерінің көпшілігінде (242-нің 138) жарамсыз деп танылған бір де бір бюллетень берілген жоқ. Осы сайлау учаскелерінде сайлаушылардың келу деңгейлері туралы деректерді келтіру мүмкін емес, себебі ОСК дауыс беруге арналған учаскелердің әрқайсысында тіркелген, дауыс құқықтары бар сайлаушылардың санын жариялаған жоқ.

XV. ҰСЫНЫСТАР

ЕҚЫҰ шеңберіндегі міндеттемелерге сайлауды әрі қарай сәйкестікке келтіру мақсатында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан Республикасының билік органдарына төмендегі нұсқауларды қарастыруға шығарады. Бұл нұсқаулар ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бағалауларында немесе алдыңғы қорытынды есептерінде берілген барлық басқа нұсқауларды қайталамайды, ал олардың кейбіреуі әлі орындалмады және маңызды болып қалуда.

A. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

1. Кандидатты сайлауға ұсыну құқығы кандидаттардың партиялық мүшелігі туралы талаппен негізсіз шектелмеуге тиіс, ал азаматтың Мәжіліске сайлануға жету құқығы заңда жазылуға тиіс.
2. Мәжіліске барлық депутаттар бүкіл халықтық дауыс беру жолымен сайланатындай етіп, құқықтық базаға өзгертулер енгізу қажет. 1990 жылғы Копенгаген құжатының 7.2 параграфына қарама қайшы келмейтіндей ұлттық азшылықтың өкілдіктерін көтермелеудің басқа механизмдерін қайта қарастыру керек.

⁹³ Мысалы, Рудный қаласы бойынша (Қостанай облысы) ОСК-мен жарияланған нәтижелер ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-на ұсынылған, сайлау күні кешкісін саяси партиялармен жиналған УСК 25 хаттамасы бойынша жинақталған нәтижелерден өзгешеленеді. Тиісті АСК бойынша ОСК орналастырылған ақпаратқа сәйкес «Нұр Отан» үшін жалпы дауыс саны 6 201 дауысқа көп, ал ЖСДП үшін дауыс саны партиялардың жинаған хаттамаларының негізіндегі жинақталған деректерге қарағанда 764 дауысқа аз. Басқа партиялар үшін берілген дауыстармен алшақтықтар аз.

⁹⁴ Кейбір аймақтарда осы құбылыс жиі кездесті, мысалы Қостанай облысында (241 СУ), Қарағанды (97 СУ), Шығыс Қазақстан (96 СУ), Алматы (82 СУ) және Солтүстік Қазақстан (63 СУ).

⁹⁵ Мысалы: Алматы облысындағы №258 СУ 2638 дауыс берген сайлаушылардың 2638 дауыстары «Нұр Отан» партиясына берілді, жарамсыз бюллетеньдер болған жоқ. Алматы облысының, сайлаушылардың саны 1300-ден 1800-дейін тағы да сегіз сайлау учаскелерінде ұқсас нәтижелері болды. Жамбыл облысындағы №413 СУ 2072 дауыс Берген сайлаушылардың 2060 дауыстары «Нұр Отан» үшін болды, жарамсыз бюллетеньдер 12. Сол облыстың №219 СУ 1420 дауыс Берген сайлаушылардың 1408 дауысы «Нұр Отанға» берілді, жарамсыз бюллетеньдер 12». Қарағанды облысының №221 СУ 1720 дауыс Берген сайлаушылардың 1720 дауыстары «Нұр Отанға» берілді, жарамсыз бюллетендер болған жоқ.

3. Өз кандидатурасын ұсыну құқығын негізсіз шектеуді болдырмас үшін, соңғы он жылда Қазақстан аумағында тұрақты мекен етуі туралы Мәжіліске барлық кандидаттарға қойылатын талапты қайта қарау керек.
4. Қылмыстық ісі үшін сотталғандығы болғандықтан азаматтың енжар сайлау құқығын шектеуді құқықбұзушылықтың ауырлығын санкциялаудың өлшемдестік қағидасын сақтауды қамтамасыз ету үшін қайта қарау керек.
5. Егер сайлаушылар қандай да бір партияны немесе коалицияны қолдаса, депутаттық орынды ала алатын кандидаттар туралы тек сайлаушылар дер кезінде хабардар болатындай етіп, партиялар сайлауға дейін өз кандидаттарын айқындауды және мандаттарын тапсыру кезегін жариялауды міндеттейтін түзетулерді заңнамаға енгізу қажет.
6. Әралуандықты көтермелеу үшін Мәжілісте өкілдік алу үшін жеті пайыздық барьерді төмендету мүмкіндігін қатаң қарастыру керек.
7. Сайлау комиссиясының құрамында кең ауқымды партияның шынайы либералды өкілдігін және комиссияның тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін сайлау туралы Заңға түзетулер енгізу керек.
8. Комиссияға барлық берілген ресми шағымдар мен арыздарға қатысты алқалық ресми шешімдер қабылдау сайлау комиссияларының тікелей міндеттемесі заңмен көзделуге тиіс.
9. Сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелері туралы хаттама ОСК веб-сайтында тез арада орналастырылатындай, сайлау туралы Заңға түзетулер енгізу керек. Осы ақпарат қол жеткізетіндей болуы және сайлаудан кейін шағымдар мен арыздарды қарастырған кезде ескерілуі тиіс.

В. САЙЛАУ ОРГАНДАРЫ

10. Барлық сайлау комиссиялары, әсіресе дауыстарды санау рәсімдері бойынша мұқият дайындықтан өтуге тиіс.
11. Есептен шығару куәлігін (ЕШК) орталықтандырылған жерден шығару керек. Бланкте ЕШК сериялық нөмірін көрсету олардың заңсыз пайдалануды болдырмауға көмектеседі. ОСК сайлаушыларға берілген және олармен пайдаланған, УСК арасында үлестіріліп, басып шығарылған мөлшерін тексеру және жариялау керек.

С. ЭЛЕКТРОНДЫ ДАУЫС БЕРУ

12. Заңмен электронды дауыс беру жүйесіне өзгертулер енгізілгеннен кейін жалпы алғанда электронды жүйенің бүкіл жүйесін міндетті түрде қайта сертификациялау көзделуі тиіс. Сертификация жүргізілетін электронды дауыс беру жүйесінің сәйкестігіне қойылатын барлық стандарттар және басқа талаптар жұртшылықтың игілігі болуға тиіс.
13. Электронды дауыс беру жүйесін реттейтін заңнамамен сайлаудан кейін дауыстарды санау және нәтижелерді тексерудің әрекет етуші механизмдері көзделуі тиіс. Заңнамаға сайлаушымен тексерілетін бақылау басып шығару немесе тексерудің балама рәсімі туралы ережені енгізу керек.

14. Көбірек ашықтық үшін барлық электронды байланыс бойынша берілген УСК партиялар және бақылаушылардың сайлау нәтижелерін тексеруіне жағдай жасау үшін есептерді жариялау керек.
15. Дауыс беру құпиясын сақтау үшін сайлаушымен басып шығарылатын төрт мәндік кодты қысқарту керек, ал жүйеге сайлаушыларды тіркеу блогын дауыс беру блогынан бөлу керек.

D. САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫ ТІРКЕУ

16. Өз партияларын толық еркіндік жағдайында құруына жеке тұлғалар немесе тұлғалар тобының құқықтарына сыйластықты қамтамасыз ету үшін саяси партияларды тіркеу тәртібін қайта қарау керек. Егер партия жарамды қойылған қолдарды жеткілікті түрде ұсынған жағдайда жарамсыз қолдардың ешқандай мәні болмауын қамтамасыз ету және талап етілген қолдардың санын азайту мүмкіндігін қайта қарау керек. Заңмен ақылға сыйымды мерзімді орнату керек, сол мерзім ішінде құзырлы орган тиісті шешім қабылдаған органның әрекетсіздігіне шағымдану мүмкіндігін берумен партияларды тіркеуге өтінімдерге қатысты шешім қабылдауға міндетті.

E. САЙЛАУ АЛДЫНДА ҮГІТ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

17. Сайлау алдындағы кампанияның кезеңінде көшедегі жарнаманы орналастыруда жарысатын партияларға бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін ережелерді енгізу керек.
18. Жергілікті билік органдары жиналыстарға рұқсат беру немесе тыйым салу және оларды өткізу орнын бекіту шамадан тыс өкілеттігі болмауы үшін «Бейбіт жиналыстарды, митингілерді, салтанатты шерулерді, бөгеуілдерді және шерулерді ұйымдастыру және өткізу туралы» заңға, осыған қатысты қолданылатын басқа заңнамаларға тиісті түзетулер енгізу керек.
19. Бірінші жағынан, Мемлекеттік атқарушы билік органдары және жергілікті өзін өзі басқару әкімшілігі және екінші жағынан, сайлауға қатысушы ретінде кез келген партияның үгіт жүргізу қызметі арасында нақты шектеу жүргізу керек.

F. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

20. Мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) сайлау алдындағы кампания кезінде саяси мәселелерді жариялаған кезде, міндетті түрде барлық партияларға бірдей назар аударуға тиіс. Олардың, сондай-ақ барлық партиялар туралы ақпаратты әділ жолмен жеткізу міндеттемесі болуға тиіс.
21. Сайлау алдындағы кампания кезеңінде БАҚ пікірталастарды ұйымдастыру олардың тікелей таратылуын қамтамасыз ете отырып, жақсартуға болар еді.
22. Қысқа мерзім ішінде 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатына және БАҚ еркіндігі мәселелері бойынша ЕҚЫҰ Өкілінің нұсқауларына сәйкес пікір еркіндігіне құрмет көрсетуді толық мөлшерде қамтамасыз ету үшін БАҚ қызметін реттемелейтін заңнамаға, соның ішінде «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңына және Қылмыстық кодекске түзетулер енгізу керек.

Г. САЙЛАУ КҮНІНІҢ РӘСІМДЕРІ

23. Көп реттік дауыс беруді болдырмау үшін сайлау күні тізімге сайлаушыларды қосымша енгізу тәртібін тиісті реттемемен қамтамасыз ету керек. Мүмкін, сайлаушылардың саусақтарына арнайы сияларды жағып қою керек пе еді.
24. Қазіргі кезде 3000 адамды құрайтын бір сайлау учаскесіне жазылған сайлаушылардың барынша жол берілген мөлшерін азайту мүмкіндігін қарастыру керек.
25. Әскери бөлімдердің сайлаушылары дауыс беруге арналған әдеттегі учаскелерде дауыс беруге тиіс. Бұл мүмкінсіз болған жағдайларда, дауыс беру ортақ тәртіпте тағайындалған азаматтық тұлғалардан тұратын УСК-мен жүргізілуге тиіс.
26. Егер сайлау учаскелері бойынша нәтижелерді жинақтау тәртібі заңнамамен толығырақ мазмұндалған болса, қорытынды шығару үдерісі ашығырақ болар еді. Аумақтық СК қорытынды хаттамасына дауыс беру нәтижелері туралы УСК хаттамаларынан барлық деректер енгізілуге тиіс. Барлық партияларға және бақылаушылар топтарына деректерді жинақтау үдерісінің барлық қырларына толық қатынау, соның ішінде АСК хаттамаларының көшірмесін алуға мүмкіндік қамтамасыз етілуге тиіс.
27. Аумақтық комиссияларға нәтижелерді жинақтау рәсімін орындау бойынша мұқият дайындықтан өту керек.

Н. САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ

28. Аккредитациядан өту үшін шетелдік бақылаушылардың сайлауды бақылау тәжірибесі болуын талап ету негізсіз шектеулі сипатта болып тұр және керексіз болып табылады. Оны сайлау туралы Заңнан шығарып тастау керек.
29. Барлық аккредитацияланған шетелдік және жергілікті бақылаушыларға сайлау үдерісінің барлық қырларына кедергісіз қатынауға кепілдік берілуге тиіс.

1-ҚОСЫМША

ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖАРИЯЛАҒАН СОҒҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Партиялық тізім	Жарамды деп танылған бюллетеньдер бойынша дауыс жиналды	Жарамды деп танылған бюллетеньдер бойынша жиналған дауыстар пайызы	Мандаттар алынды
Нұр Отан	5,247,720	88.41%	98
ЖСДП	269,310	4.54%	0
Ақ Жол	183,346	3.09%	0
Ауыл	89,855	1.51%	0
ҚХКП	76,799	1.29%	0
ҚПП	46,436	0.78%	0
Руханият	22,159	0.37%	0
Барлығы	5,935,625	100%	98

2-ҚОСЫМША

УСК ХАТТАМАЛАРЫ БОЙЫНША САЙЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН САЙЛАУДАН КЕЙІНГІ ОСК-МЕН ЖАРИЯЛАНҒАН ДЕРЕКТЕРМЕН САЛЫСТЫРУ

СБХМ бақылаушылар топтары дауыстарды санаған кезде олар қатысқан 160 жуық сайлау учаскелерінен УСК хаттаманың ресми көшірмесін алды. Дауыс беру үшін осы учаскелердің 15-нің хаттамаларындағы нәтижелер Аймақтық СК берген ақпарат негізінде ОСК сайтында кейінірек орналастырылған нәтижелер туралы деректерден елеулі алшақтанады. 15 сайлау учаскелердің әрқайсысы бойынша нәтижелерін салыстыру төменде келтіріледі:

№406 сайлау учаскесі, Түркісіб ауданының АСК, (Алматы қаласы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	614	930	17	14	49	2	11	21
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	101	1,443	17	14	49	2	11	21

№130 сайлау учаскесі, Түпқараған аудандық АСК, (Маңғыстау облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	58	392	12	29	61	3	8	34
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	1	590	0	0	1	1	0	4

№175 сайлау учаскесі, Астрахань аудандық АСК, (Ақмола облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	38	810	20	46	30	72	61	43
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	8	982	5	46	5	72	2	0

№861 сайлау учаскесі, Талдықорған қалалық АСК, (Алматы облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	82	1,351	12	4	26	0	5	71
ОСК ДЕРЕКТЕРІ e	88	1,457	6	0	0	0	0	0

№811 сайлау учаскесі, Ұйғыр аудандық АСК, (Алматы облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	85	1,049	3	38	85	9	13	118
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	5	1,354	3	8	5	9	13	3

№313 сайлау учаскесі, Мойынқұм аудандық АСК, (Жамбыл облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	295	859	19	35	143	31	2	70
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	30	1,204	11	3	143	0	0	70

№421 сайлау учаскесі, Шу аудандық АСК, (Жамбыл облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	177	1,053	16	36	62	8	6	132
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	67	1,163	19	36	62	6	3	34

№363 сайлау учаскесі, Сарысу аудандық АСК, (Жамбыл облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	119	596	11	11	64	2	40	24
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	146	593	1	11	64	2	40	33

№460 сайлау учаскесі, Орал қалалық АСК, (Батыс-Қазақстан облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	124	436	8	15	50	2	38	25
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	5	635	2	10	4	15	2	32

№129 сайлау учаскесі, Рудный қалалық АСК, (Қостанай облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	49	452	19	3	35	3	35	55
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	32	511	9	3	35	3	35	25

№2 сайлау учаскесі, Қостанай қалалық АСК, (Қостанай облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	91	555	18	14	57	6	68	42
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	25	697	12	10	51	6	50	0

№29 сайлау учаскесі, Павлодар қалалық АСК (Павлодар облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	128	340	5	6	13	3	19	30
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	39	731	5	6	20	3	27	30

№494 сайлау учаскесі, Екібастұз қалалық АСК (Павлодар облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	116	681	10	19	44	3	61	79
	93	707	4	19	44	6	61	79

№510 сайлау учаскесі, Екібастұз қалалық АСК (Павлодар облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	170	707	18	16	52	7	54	88
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	119	762	14	16	52	7	54	71

№594 сайлау учаскесі, Сайрам аудандық АСК (Оңтүстік Қазақстан облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	139	773	13	16	100	5	4	58
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	9	1,064	25	6	15	5	12	0

3-ҚОСЫМША

Сайлау учаскелерінде Сайлауларды бақылау бойынша халықаралық миссияның бақылаушылармен алынған дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардан басқа, ресми хаттамалардың көшірмелері басқа дерекнамалардан да, соның ішінде сайлау күні кешке АСК жұмысын бақылау нәтижесінде, сондай-ақ саяси партиялардан алынды. Осы хаттамалардағы сандарды ОСК сайтында орналастырылған деректермен салыстыруда да бірқатар жағдайларда алшақтық табылады, мысалы:

№595 сайлау учаскесі, Панфилов аудандық АСК, (Алматы облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	37	433	6	13	23	12	19	20
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	17	493	2	13	13	0	5	20

№498 сайлау учаскесі, Тайыншы аудандық АСК, (Солтүстік Қазақстан облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	25	907	1	10	26	1	25	7
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	946	0	0	56	0	0	0

№907 сайлау учаскесі, Шардара аудандық АСК, (Оңтүстік Қазақстан облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	0	901	1	0	194	1	2	5
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	1,066	1	0	29	1	2	5

№910 сайлау учаскесі, Шардара аудандық АСК, (Оңтүстік Қазақстан облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	177	620	7	5	210	0	13	5
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	67	944	6	5	10	0	4	1

№914 сайлау учаскесі, Шардара аудандық АСК, (Оңтүстік Қазақстан облысы):

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	130	985	3	5	358	4	2	1
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	30	1,458	4	1	158	3	2	0

№294 сайлау учаскесі, Қызылорда облысы:

	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	236	1,024	7	36	164	24	4	29
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	197	1,068	7	36	164	24	4	30

Хромтау аудандық АСК (Ақтөбе облысы) 19 сайлау учаскелерінің хаттамасындағы нәтижелер ОСК сайтында орналастырылған деректерге сәйкес келеді. Алайда, басқа жеті сайлау учаскелері бойынша елеулі ауытқушылықтар анықталды (№№276, 291,

293, 295, 296, 297, 298 СУ). Олардың әрқайсысы бойынша, мысал ретінде №№ 276 және 295 алғанда соған ұқсас беталыс байқалады.

№276 су	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	56	771	3	23	82	1	11	17
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	6	984	18	41	6	21	11	17

№295 су	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	210	1513	5	3	7	6	5	42
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	5	1660	20	21	4	23	6	42

Қостанай аудандық АСК-дан (Қостанай облысы) 72 сайлау учаскелерінің 27 хаттамаларының көшірмелері алынды. ОСК сайтында орналастырылған деректер тек сегіз сайлау учаскелері бойынша ғана хаттамаларындағы сандармен сәйкес келеді; қалған 19 бойынша айырмашылық бар (№№528, 529, 533, 537, 540, 542, 546, 550, 551, 552, 553, 554, 561, 562, 563, 564, 565, 580, 581СУ). ОСК сайтында орналастырылған ақпарат бойынша 19 учаскелердің бәрінде ЖСДП аз дауыс беріледі. Мысал ретінде №№537 және 554 СУ бойынша нәтижелерді салыстыру келтірілген.

№537 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	40	688	8	4	12	1	21	9
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	767	0	4	3	0	0	9

№554 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	50	737	23	20	43	8	31	224
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	5	760	23	42	43	8	31	224

Дауыс беру үшін осы 19 учаскелердің 11 бойынша «Ауыл» үшін берілген дауыс саны артты. Мысалы:

№563 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	37	750	4	4	18	0	9	4
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	750	4	41	18	0	9	4

№565 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	68	1459	16	26	36	4	21	0
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	2	1459	16	92	36	4	21	0

Бес сайлау учаскесі бойынша дауыс саны «Нұр Отан» үшін мына сайлау учаскелеріне қарағанда жоғары, мысалы:

№528 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	12	278	13	5	17	0	7	3
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	309	1	5	17	0	0	3

№551 су	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	30	73	10	5	32	0	9	3
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	103	10	5	32	0	9	3

Салыстырмалы түрде хаттамалардың көп мөлшері Маңғыстау облысынан алынды, олардың көбі саяси партиялармен ұсынылды. УСК хаттамаларындағы сандар және ОСК жарияланған сандар арасында барлық партиялардың, әсіресе «Нұр Отан» партиясын қолдауға дауыс сандарының елеулі артуы және «Ақ Жол» мен ЖСДП үшін дауыстардың санының елеулі азаюы нәтижелерінде көрінген көптеген алшақтықтар бар.

Ақтау қалалық АСК:

№24 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	149	452	10	9	142	7	18	27
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	946	0	0	3	0	1	9

№25 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	88	434	11	13	110	11	24	27
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	727	0	1	5	1	0	0

№31 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	128	661	15	19	136	8	43	54
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	31	997	0	0	0	0	0	33

№45 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриотт ар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	19	578	6	15	72	9	9	33
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	2	794	0	0	3	0	6	1

Жаңаөзен қалалық АСК:

№75 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	610	1,501	6	16	501	8	16	0
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	38	2,604	0	0	16	0	0	0

№79 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	320	730	16	37	125	10	10	80
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	26	1,301	0	1	0	0	0	0

№150 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	164	925	7	15	111	5	10	28
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	21	1,240	0	0	4	0	0	0

Қарақиян аудандық АСК:

Осы ауданнан (№№97, 98, 103, 104, 105, 108 СУ) сайлау учаскелерінен алты хаттама алынды, олардың екеуі төменде келтірілді. Қалған учаскелер бойынша соған ұқсас беталыс байқалады.

№104 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	80	367	5	10	171	3	4	50
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	16	1,034	0	0	31	0	0	0

№105 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	75	379	6	22	144	4	9	20
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	0	863	0	0	0	0	0	1

Мұнайлы аудандық АСК:

№168 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	32	252	7	14	65	1	4	20
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	4	355	2	4	5	1	4	20

Түпқараған аудандық АСК:

№128 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	48	580	10	17	97	3	0	11
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	1	756	0	2	7	0	0	0

№135 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	59	617	5	7	188	3	1	29
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	1	896	0	2	8	1	1	0

№153 СУ	ЖСДП	Нұр Отан	Патриоттар	Ауыл	Ақ Жол	Руханият	ҚХКП	ЖАРАМ СЫЗ
УСК ХАТТАМАСЫ	461	1,369	30	114	391	18	62	98
ОСК ДЕРЕКТЕРІ	4	2,231	3	4	291	8	2	0

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының қатысушы-мемлекеттерге «адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық құрметтеуді қамтамасыз етуге, заңдылық ретінде әрекет ету, демократия қағидаларын іске асыру және (...) құру, нығайту және демократиялық институттарын қорғау, сондай-ақ бүкіл қоғам ауқымында шыдамдылық көзқарас қағидаларын дамыту» ықпалдасатын негізгі ЕҚЫҰ институты болып табылады (1992 жылғы Хельсинки саммитінің құжаты). Бұл Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының адами өлшемі болып саналады.

Варшавада (Польшада) орналасқан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ), 1990 жылы Париж саммитінде «Еркін сайлау жөніндегі бюросы» деген атпен құрылды және өз қызметін 1991 жылғы мамырда бастады. Бір жылдан соң оның мандатының кеңеюіне байланысты бюроньң атауы өзгерді, оған адам құқығы және демократизациялау кірді. Бүгін Бюро штатында 130-дан астам маман бар.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) сайлауды бақылау саласындағы Еуропадағы жетекші ұйым болып табылады. Жыл сайын бюро ЕҚЫҰ аймағында өтетін сайлаулардың Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының шеңберіндегі міндеттемелерге, демократиялық сайлауды жүргізу бойынша басқа халықаралық стандарттарға және ұлттық заңнамаға сәйкестік мәнін бағалау үшін мыңдаған бақылаушыларды жіберуді үйлестіреді және ұйымдастырады. Оның қолданылатын бірегей әдістемесі сайлау үдерісінің барлық қырларына тереңдетілген талдауға жағдай жасайды. Көмек көрсету бойынша жобаларды іске асыру арқылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) қатысушы-мемлекеттерге сайлау инфрақұрылымын жақсартуға көмектеседі.

Бюроньң демократияландыру бойынша қызметі төмендегі салаларды қамтиды: заң үстемдігі, заңнама саласындағы қолдау, демократиялық басқару, көші-қон және алға жылжу еркіндігі және гендерлік теңдік. Жыл сайын ЕҚЫҰ/ДИАҚБ демократиялық құрылымдарды дамыту бойынша бір қатар мақсатты бағдарламаларды іске асырады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) қатысушы-мемлекеттердің ЕҚЫҰ адами өлшемі саласында қабылданған адам құқығы және негізгі еркіндіктерін нығайту және қорғау бойынша олардың міндеттемелерін орындауына көмек көрсетеді. Бұған лаңкестікпен күрес жағдайында адам құқықтарын сақтау, адамдарды сату құрбандарының құқықтарын қорғауды күшейту, адам құқықтары саласында

оқыту және дайындау, адам құқықтарының сақталу мониторингі және есептеме жасау, сондай-ақ әйелдер құқықтары және олардың қауіпсіздігі сияқты тақырыптық салаларда ынтымақтастықты ынталандыру, мүмкіндікті дамыту және тәжірибемен алмасу мақсатында көптеген әріптестермен бірлесе қызмет істеудің арқасында қол жеткізіледі.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) шыдамдылық және кемсітуге қарсы күрес шеңберінде қатысушы-мемлекеттерге жек көрушілік негізінде қылмыстармен, нәсілшілдік, ксенофобия, антисемитизм және төзуге болмайтындықтың басқа нышандарымен олардың күресу белсенділігін арттыруға қолдау көрсетеді. Шыдамдылық және кемсітпейтін қатынасты қамтамасыз ету бойынша Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) қызметі мынадай салаларда жинақталған: заңнама, заңның орындалуын іске асыру бойынша оқыту, мониторинг жүргізу, есептерді дайындау және жек көрушілік негізіндегі оқыс оқиғаларға және қылмыстарға жауап реакцияларын бақылау, сондай-ақ шыдамдылық, құрмет және өзара түсінушілікті ынталандыру бойынша оқыту іс-шаралары.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымының демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюросы (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) қатысушы-мемлекеттерге рома және синти халықтарына қатысты олардың саясаты мәселелері бойынша кеңес береді. Бюро рома және синти қауымдарының мүмкіндігін және өзара әрекетін дамытуға көмектеседі және рома мен синти өкілдерінің билік органдарына қатысуына жағдай жасайды.

ДИАҚБ барлық іс шараларды ЕҚЫҰ қатысушы-мемлекеттерімен, институттарымен және ЕҚЫҰ далалық миссияларымен, сондай-ақ басқа халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастықта және үйлесімділікте жүргізеді.

Қосымша ақпаратты ЕҚЫҰ веб-сайтынан (www.osce.org/odihr) алуға болады.